Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды алға-артқа сермеу, қозғалыс амплитудасын арттыру. Жартылай отыруды 8–10 рет орындау. **Негізгі қимылдар** Доппен барлық лақтыру түрлерін кешенді орындау (төменнен, бастан асыра, нысанаға). **Ырғақтық жаттығулар** Музыкамен қозғалыс бағытын өзгерту. **Қимылды ойын** «Көңілді старт» Эстафеталық жарыс, жүгіру, лақтыру элементтері. **Салауатты өмір салты** Дене белсенділігі мен ұйқының өзара байланысы.		**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Саусақтарға, аяқ бақайларына арналған күрделі жаттығулар. Тепе-теңдікке арналған жаттығулар. **Негізгі қимылдар** Допты жоғары лақтырып, қағып алғаннан кейін қозғалысты жалғастыру. **Ырғақтық жаттығулар** Музыкамен еркін қимыл композициясы. **Қимылды ойын** «Доппен көшбасшы» Жетекші рөлді орындау, ойын ережесін сақтау. **Спорттық жаттығу** Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар** Сыртқы келбетін бақылау, тазалықты сақтау. **Музыка** **Музыка тыңдау** Музыканың ырғақтық ерекшелігін байқау. **Ән айту** Әнді аспаптың сүйемелдеуімен орындау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Музыканың ойнақы сипатына сай қимыл жасау. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау** Қарапайым ырғақты өз бетінше орындау.	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Балалардың таңдауы бойынша барлық таныс жаттығуларды орындау. **Негізгі қимылдар** Доппен меңгерілген әрекеттерді біріктіріп орындау. **Ырғақтық жаттығулар** Музыкамен еркін қозғалу, тыныс алуды реттеу. **Қимылды ойын** «Спортшылар сайысы» Топтық жарыс, көшбасшылық пен ұйымшылдықты дамыту. **Өзіне-өзі қызмет көрсету** Құралдарды жинау, жуу, тәртіпке келтіру. **Сауықтыру-шынықтыру** Тыныс алу жаттығулары, бұлшықетті босаңсыту **Музыка** **Музыка тыңдау** Тыңдалған музыкалық шығармаларды тану, салыстыру. **Ән айту** Сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ән айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Музыкалық қойылым элементтері. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау** Барабанмен таныс әнді	**Қазақ тілі** **Тақырып: «Мамандықтар»** **Тілдік дамытушы орта** Интерактивті тапсырмалар арқылы мамандық иелерінің іс-әрекеті мен көңіл-күйін талдау. Сахналық қойылыммен бекіту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Дауыс ырғағын сақтап сөйлеу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды толық сөйлемде анық айту. **Сөздік қор** Мамандықтар туралы цифрлық ертегіні тыңдау, мазмұнын дұрыс қабылдау. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Жай және жайылма сөйлемдер: Дәрігер адамдарды мұқият емдейді. Аспаз дәмді тамақ пісіреді. **Байланыстырып сөйлеу**

			Билер Шеңбер бойымен ән айтып жүру.	орындау. **Билер** Музыкамен еркін қозғалу, ойын әрекеттері.	Балалар жауаптардың дұрыстығын ажыратып, дұрыс нұсқасын ұсынады. **Ойын (технология) LearningApps** – «Кім не істейді?» Мамандықты әрекетімен сәйкестендіріп, толық сөйлеммен айту.
	Апта дәйек сөзі Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де,талап қыл! **Мамандық деген не?** **Тіл дамыту әрекеті:** Тақырыптық әңгіме: **«Мамандық деген не? Адамдар не үшін жұмыс істейді?»** Балаларға мамандық адамның күнделікті атқаратын еңбегі екенін түсіндіру. Сөздермен жұмыс: мамандық, еңбек, жұмыс, көмектеседі, пайдалы. Балалар сөйлем құрайды: *«Адамдар жұмыс істейді.»* *«Мамандық*	**Дәрігер және аспаз** **Тіл дамыту әрекеті:** Әңгіме: **«Дәрігер мен аспаз не істейді?»** Сөздер: дәрігер, аспаз, емдейді, пісіреді, таза. Балалар сөйлем құрайды: *«Дәрігер адамдарды емдейді.»* *«Аспаз тамақ пісіреді.»* Дыбыстармен жұмыс: **«д», «ж», «с».** **Көркем әдебиет әрекеті:** Өлең оқу, мазмұнын талдау. Кейіпкерлердің іс-әрекетін қимылмен көрсету. **Қазақ тілі әрекеті:** «Кім не істейді?» ойыны. Үлгі сөйлемдер: *«Аспаз ас әзірлейді.»*	**Мұғалім және тәрбиеші** **Тіл дамыту әрекеті::** Тақырыптық әңгіме: *«Мұғалім мен тәрбиеші кім? Олар не істейді?»* Сөздер: мұғалім, тәрбиеші, оқытады, үйретеді, қамқор. Сөз тіркестері: жақсы мұғалім, қамқор тәрбиеші. Балалар сөйлем құрайды: *«Мұғалім балаларды оқытады.»* *«Тәрбиеші бізге көмектеседі.»* Байланыстырып сөйлеу: *«Мен балабақшада ... үйренемін.»* Дыбыстық жұмыс: **л, р, т** дыбыстарын анық айту. **Көркем әдебиет әрекеті:** Өлең оқу, тыңдау: *Мұғалім білім береді, Тәрбиеші бізді сүйеді.* Өлең мазмұнын түсіндіру. Кейіпкерлердің іс-әрекетін	**Құрылысшы және жүргізуші** **Тіл дамыту әрекеті::** Әңгіме: *«Құрылысшы мен жүргізуші не істейді?»* Сөздер: құрылысшы, жүргізуші, салады, жүргізеді, тасымалдайды. Сөйлемдер: *«Құрылысшы үй салады.»* *«Жүргізуші көлік жүргізеді.»* Себепті сөйлем: *«Үй салу үшін құрылысшы керек.»* **Көркем әдебиет әрекеті:** Өлең тыңдау, мазмұнын айту. Кейіпкерлер әрекетін қимылмен көрсету. **Қазақ тілі әрекеті:** Жекеше–көпше: жүргізуші	**Мен болашақта кім боламын?** **Тіл дамыту әрекеті::** Байланыстырып сөйлеу: *«Мен болашақта ... болғым келеді, себебі…»* Балалардың өз ойларын еркін айтуы. Сөздік қорды бекіту. **Көркем әдебиет әрекеті:** Балалардың өз бетінше әңгіме құрастыруы. Бір-бірін тыңдау, толықтыру.

	пайдалы.» Дыбыстармен жаттығу: **«м», «н», «л»** дыбыстарын анық айту (мамандық, еңбек, адамдар). **Көркем әдебиет әрекеті:** Өлең оқу: *Еңбек етсең ерінбей,* *Тояды қарның тіленбей.* Өлең мазмұнын түсіндіру, қимылмен көрсету (еңбек ету қимылдары). **Қазақ тілі әрекеті:** «Бұл кім? Ол не істейді?» сұрақтарына жауап беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (**ұ, ү, ө**) дұрыс айту. Үлгі сөйлемдер: *«Бұл дәрігер.»* *«Ол адамдарға көмектеседі.»* **Математика негіздері әрекеті**: «Жиын» түсінігі: әртүрлі мамандық суреттерін бір жиынға топтастыру. Түстері бойынша топтастыру. Салыстыру:	**Математика негіздері әрекеті:** Үлкен–кіші құралдарды салыстыру (үлкен қазан кіші қасық). Санамақ: 1–5.	қимылмен көрсету. **Қазақ тілі әрекеті:** «Бұл кім?» «Ол не істейді?» сұрақтарына толық жауап беру. Жай және жайылма сөйлемдер құрау. Үлгі сөйлемдер: *«Бұл мұғалім.»* *«Ол бізге әріп үйретеді.»* **Математика негіздері әрекеті** Жиын: мұғалімге қажет заттарды (кітап, қалам, дәптер) бір жиынға біріктіру. 1–5 дейін санау. Көп–аз салыстыру. Кеңістікте бағдарлау: *«Кітап партаның үстінде.»*	жүргізушілер. Толық жауап беру. **Математика негіздері әрекеті** Ұзын–қысқа (жол). Биік–аласа (үй). Кеңістікте бағдарлау: *алдында, артында, жанында.*	**Қазақ тілі әрекеті:** «Болғым келеді» тіркесін қолдану. Толық сөйлем құрау. **Математика негіздері әрекеті** Қорытынды санау (1–5). Салыстыру: көп–аз. Кеңістікті сөзбен белгілеу.

	«Қай мамандық көп?»				
Екінші таңғы ас	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Балаларды үстел басында дұрыс отыру,тамақты таусып ішуді айту.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Бақылау:** Қысқы ауаның таза екенін сезіну. **Дербес әрекет:** Терең тыныс алу. **Еңбекке баулу:** Тазалық сақтауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын: «ТЫНЫС АЛ ДА ЖҮГІР»** Балалар терең дем алып, белгі бойынша жүгіріп өтеді. Қайтадан тынысын қалпына келтіреді.	**Бақылау:** Ойын алаңының қысқы көрінісін бақылау. **Дербес әрекет:** Балалар өз ойынын ойлап табады. **Еңбекке баулу:** Ойыншықтарды орнына жинау. **Қимылды ойын: «ОЙЛАП ТАП»** Балалар өздері ойлап тапқан қимылды көрсетеді, қалғандары қайталайды.	**Бақылау:** Қардың еру белгілерін бақылау. **Дербес әрекет:** Қарды ұстап көру. **Еңбекке баулу:** Суды төкпеуге үйрету. **Қимылды ойын: «САҚ БОЛ»** Балалар алаңда жүреді. Тәрбиеші «сақ бол» дегенде балалар тоқтайды.	**Бақылау:** Қыс пен көктемнің айырмашылығын әңгімелеу. **Дербес әрекет:** Салыстыру ойыны. **Еңбекке баулу:** Тәртіп сақтауға баулу. **Қимылды ойын: «ҚЫС – КӨКТЕМ»** «Қыс» дегенде балалар секіреді, «Көктем» дегенде жай жүреді.	**Бақылау:** Қыс мезгілін қорытындылау. **Дербес әрекет:** Сүйікті қысқы ойынды ойнау. **Еңбекке баулу:** Серуен алаңын толық ретке келтіру. **Қимылды ойын: «ҚЫСҚЫ ЖАРЫС»** Балалар шағын топтарға бөлінеді. Жүгіру, секіру, кедергіден өту тапсырмаларын орындайды. Соңында барлығы мадақталады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** **Бата:** Асымызға береке,				

	Балаларға мереке. Аман болсын ата-ана, Риза болсын бар бала! Әумин Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Әр мамандықтың қоғамға пайдасы бар екенін түсіндіру. Адам еңбегі арқылы қала, ауыл дамитыны туралы әңгіме. Себеп–салдар: *«Адамдар жұмыс істесе өмір жақсы болады.»* Сурет салуәрекеті: Тақырып: **«Мен білетін мамандық»** Адам бейнесін салу,	**Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Дәрігер мен аспаздың еңбегімен таныстыру. Дәрігердің адамдардың **денсаулығын сақтайтынын**, аспаздың **тағам әзірлейтінін** түсіндіру. **Себеп–салдар:** *«Дәрігер емдесе адамдар ауырмайды.»* *«Аспаз таза ас пісірсе адам сау болады.»* Тазалықтың маңызын түсіндіру (қол жуу, таза	**Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Мұғалім мен тәрбиешінің балалар өміріндегі рөлі. **Себеп–салдар:** *«Мұғалім оқытса балалар білімді болады.»* *«Тәрбиеші үйретсе балалар әдепті болады.»* Білім мен тәрбиенің адам өміріндегі маңызы. СУРЕТ САЛУ ӘРЕКЕТІ Тақырып: *«Сабақ үстінде»* Тақта, парта, мұғалім бейнесін салу. Түрлі түстерді қолдану.	**Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Құрылысшылар үйлер мен ғимараттар салатынын түсіндіру. Жүргізушілер адамдар мен жүкті таситыны. **Себеп–салдар:** *«Жол болмаса көлік жүрмейді.»* Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. СУРЕТ САЛУ *«Құрылыс алаңы»* үй, кран, жүк көлігі.	**Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Барлық мамандықтың қоғам үшін маңызды екенін қорытындылау. **Себеп–салдар:** *«Әр адам еңбек етсе өмір жақсы болады.»* Еңбекке құрмет сезімін қалыптастыру.

	жұмыс құралын қосу. Мүсіндеу әрекеті: Тақырып: **«Еңбек құралы»** Ермексаздан балға немесе қасық жасау. Жапсыру әрекеті: Тақырып: **«Маманд ық иесі»** Дайын пішіндерді ретімен жапсыру. Құрастыру әрекеті: Тақырып: **«Жұмыс орны»** Текшелерден дүкен, аурухана құрастыру.	киім). ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕР **Сурет салу:** *«Аспаз ас үйде»* Аспаздың алжапқышын, қазанын бейнелеу. **Мүсіндеу:** *«Қасық»* Ермексаздан ұзын және домалақ пішін жасау. **Жапсыру:** *«Дәрігер сөмкесі»* Ішіне дәрі, градусник суреттерін орналастыру. **Құрастыру:** *«Аурухана»* Текшелерден ғимарат, бөлме жасау.	МҮСІНДЕУ ӘРЕКЕТІ Тақырып: *«Кітап»* Ермексаздан тік төртбұрыш пішін жасау. ЖАПСЫРУ ӘРЕКЕТІ Тақырып: *«Қалам мен дәптер»* Дайын бөліктерді ретімен жапсыру. ҚҰРАСТЫРУ ӘРЕКЕТІ Тақырып: *«Сынып бөлмесі»* Парта, орындықтарды орналастыру. Ұжымдық жұмыс. **Зерттеу: “Су буланады”** Мақсаты: Булану процесін түсіндіру Құралдар: Су Барысы: 1-кезең: – Егер суды қалдырсақ не болады? 2-кезең: Суды ашық ыдыста қалдырады 3-кезең: Біраз уақыттан кейін көрсетеді Қорытынды: Су буланып азаяды **Вариативтік компонент** (маман жоспарымен)	МҮСІНДЕУ *«Кірпіш»* тік төртбұрыш пішін. ЖАПСЫРУ *«Жүк көлігі»* дөңгелектерді дұрыс орналастыру. ҚҰРАСТЫРУ *«Үй»* қабырға, шатыр құрастыру. **Сюжеттік ойын: “Дүкенде”** Мақсаты: Сауда мәдениетін қалыптастыру, есептеу дағдыларын дамыту. Ойын шарты: Бір бала – сатушы, қалғандары – сатып алушы. Сатып алушылар тауар таңдайды, ақша төлейді, сатушы қайтарым береді.	СУРЕТ САЛУ *«Менің болашақ мамандығым»* МҮСІНДЕУ *«Жұмыс құралы»* (таңдауы бойынша) ЖАПСЫРУ *«Менің мамандығым»* (ұжымдық панно) ҚҰРАСТЫРУ *«Арманымдағы жұмыс орны»*
Балалармен жеке жұмыс	Ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытуға ынталандыру.	Өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлық танытуды баулу.	Жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстыруды үйрету.	Жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды білуді баулу.	Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды

					жүргізуду жетілдіру
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористикаы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Қарлы жел» **Міндеті:** Бағытты тез ауыстыра білу. **Шарты:** Белгі бойынша балалар қозғалыс бағытын өзгертеді.	«Түлкі інінде» **Міндеті:** Жасырыну және қозғалысты жоспарлау. **Шарты:** Балалар белгі бойынша інге жасырынады.	«Қысқы серуен маршруты» **Міндеті:** Ұзақ қозғалысты сақтау. **Шарты:** Жүру–жүгіру–секіру кезектесіп орындалады.	«Қарды кім тез жинайды?» **Міндеті:** Жылдамдық пен ұйымшылдық. **Шарты:** Балалар белгі бойынша «қарды» жинайды.	«Ептілер сайысы» **Міндеті:** Ай бойы меңгерген қимылдарды бекіту. **Шарты:** Балалар әртүрлі қимыл тапсырмаларын орындайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тексерді: Әдіскер:Бердаулетова Г.К Бердаулетова

Ескерту: Балалардың жеке зерттеуін ұйымдастыру

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Балапан» ересек тобы
Жоспардың құрылу кезеңі: (02.03.26.-06.03.26ж) 1-апта
Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы.
Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу
Апта дәйексөзі:«Отанды сүю – парызым!» **Адал азамат біртұтас тәрбие**
Тәрбиешілер:Ш.Т.Рустемова, И.М.Заданова

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 02.03.2026 ж**	**Сейсенбі 03.03.2026 ж**	**Сәрсенбі 04.03.2026 ж**	**Бейсенбі 05.03.2026ж**	**Жұма 06.03.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Ақшаны дұрыс жұмса» **Шарты:** Балаларға ойыншық ақша беріледі. Олар «дүкеннен» тек қажетті заттарды таңдайды (нан, сүт), артық зат алмауға үйренеді. **Қаржылық сауаттылық**	«Менің құқығым» **Шарты:** Балалар суреттер арқылы өз құқықтарын атайды (ойнауға, білім алуға, демалуға құқығы бар). Тәрбиеші жағдаят айтып, дұрыс шешім табуды ұсынады. **Құқықтық сауаттылық**	«Шындық па, өтірік пе?» **Шарты:** Тәрбиеші жағдаяттар айтады. Балалар адал әрекетті таңдайды (мысалы, жоғалған затты иесіне беру) **Адалдық әліппесі**.	«Мамандықты тап» **Шарты:** Құралдар көрсетіледі (балға, дәрі қобдишасы, қылқалам). Балалар қай мамандыққа тиесілі екенін айтады **Ерте кәсіптік бағдар беру** .	«Мен болашақта...» **Шарты:** Балалар қалаған мамандығын таңдап, рөлдік ойын арқылы көрсетеді (дәрігер, мұғалім, құрылысшы). **Ерте кәсіптік бағдар беру**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным»гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту.Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** Сапқа тұру. Доппен қимылды ойын Балаларды сапқа дұрыс тұруға, арақашықтық		**Музыка** **Музыка тыңдау** Домбыраның суреті/нақты үлгісі көрсетіледі. Үні қалай шығатынына назар	**Музыка** **Музыка тыңдау** Домбырада орындалған қысқа күй тыңдатылады (2 минут). Соңына дейін	**Қазақ тілі** «Ана» тақырыбы **Тілдік дамытушы орта** **Ойын: «Анама әсерлі сөз»**

	сақтауға үйрету. Доппен жаттығу арқылы қол бұлшықеттерін дамыту. І. Кіріспе бөлім (5 минут) Балаларды сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Педагог балалардың сыртқы келбетін тексереді (аяқ киім, киім ыңғайлылығы). Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығуы. ІІ. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут) Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу (6–8 рет). Қол білектерін айналдыру. Қолды кеудеге қою оңға, солға бұрылу. Қол белде оңға, солға еңкею. Тізені бүгіп, кезек аяқ көтеру. Педагог дұрыс орындалуын бақылайды. ІІІ. Негізгі қимыл Бір-бірден сапқа тұру. Шеңберге тұру. Оңға, солға бұрылу. Орнында айналу. Қауіпсіздік ережесі түсіндіріледі.		аудартылады. Домбырада орындалған жеңіл халық әні тыңдатылады (2–3 минут). Балалар шығарманы соңына дейін тыңдайды. Тыңдау кезінде иллюстрация көрсетіледі (ән мазмұнына сай: табиғат, ауыл, мереке). Музыка аяқталған соң: Музыка көңілді ме, әлде баяу ма? Қандай аспаптың үні естілді? Музыкада қай жері күштірек, қай жері жайырақ болды? Музыканы есте сақтауға көмектесу үшін әннің қысқа бөлігі қайта тыңдатылады. Ойын: «Аспапты тап» Домбыра мен фортепиано суреті беріледі. Бір дыбыс қайта ойналады. Балалар қай аспап екенін табады. **Ән айту** Ән (ре–си І октава шегінде) алдымен толық орындалады. Балалар тыңдайды. Екінші рет сүйемелдеумен бірге айтуға шақырылады. Мәнерлеп айтуға баулу: сөзді анық айту дауыс күшін бірқалыпты ұстау	тыңдау талап етіледі. Тыңдау кезінде күйдің сипатын қимылмен көрсету ұсынылады: ойнақы болса жеңіл қадам, баяу болса жай тербелу. Тыңдау соңында: Күй көңілді ме, ойнақы ма? Қай кезде жылдамдады? Музыканы есте сақтау үшін күйдің басы қайта ойналады. Ойын: «Көңілді ме, баяу ма?» Екі карточка: (көңілді) / (баяу). Музыка аяқталған соң балалар карточка көтереді. **Ән айту** Таныс ән сүйемелдеумен айтылады. Кейін әннің 1–2 жолын сүйемелдеусіз айтуға талпыныс. Мәнерлеп айту: тынысты дұрыс алып, жол соңын созу, дауыс күшін сақтап айту. Ойын: «Созып айт» Ән жолының соңғы буынын бәрі бірге созып айтады (ұзақ/қысқа салыстыру). **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Таныс әнді сахналау:	Балалар анасына арналған сөйлемді әртүрлі интонациямен айтады (жылы, қуанышты, мақтанышпен). Мысалы: «Анашым, сіз ең мейірімдісіз!» Мақсаты дауыс ырғағын өзгертіп, тыңдаушы назарын аудару. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** **Ойын: «Дыбысты анық айт»** Сөздер: өмір, үміт, ұл, ілтипат, ғажап, қамқор. Балалар дыбыстарды (ө, ү, ұ, і, ғ, қ) жеке айтып, кейін сөйлем ішінде қолданады. Тыныс алу жаттығуы жасалады. **Сөздік қор** **Ойын: «Өлеңді мәнерле»** Ана туралы шағын өлеңді кідіріс жасап, логикалық екпін қойып айту. Грамматикалық құрылым **Ойын: «Жай және жайылма»** Жай сөйлем: «Анам қамқор.» Жайылма сөйлем: «Менің анам өте қамқор және мейірімді.»

	V. Қимылды ойын: «Допты бер де отыр»Зейінділік пен ұжымдық әрекетті қалыптастыру. **Ойын шарты:** Балалар шеңберге тұрады. Педагог допты береді. Белгі бойынша балалар допты бір-біріне береді. Допты алған бала отырады. Доп толық айналып шыққанша жалғасады. Ырғақтық жаттығу (3–4 минут) Музыка ырғағымен: Қол шапалақтау Аяқпен ырғақ жасау Жеңіл айналу VI. Қорытынды бөлім (3 минут) Тыныс алу жаттығулары қорытындылау.		соңғы буынды созып айту әнді қимылмен үйлестіру (қолды кеудеге қою, қолды әсем көтеру, бас изеу) Ойын: «Қайырманы бірге айт» Әннің қайталанатын сөздері шыққанда бәрі бірге қосылады, соңын созып аяқтайды. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Қазақ биінің қарапайым элементтері: оңға/солға қадам қолды әсем ашу жеңіл бұрылу иықты нәзік қозғау Музыка ырғағымен 2–3 рет қайталанады. Ойын: «Қимылды қайтала» Бір бала қимылды көрсетеді, қалғандары музыкамен бірге қайталайды. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау** Балалар домбырасы таныстырылады: шегін қолмен ақырын қағып көру (кезекпен, қауіпсіз). Металлофон (бір пластина) арқылы бірқалыпты соғу көрсетіледі. Балалар қайталайды. Ойын: «Ырғақты тыңда қайтала» 2 жай соққы балалар	кейіпкерлер таңдалады (құс, бала, ана, т.б.). Қимылмен мазмұнын көрсету. Ойын: «Кейіпкер бол» Ән басталғанда әр бала өз кейіпкерін қимылмен көрсетеді, әннің бөлімі ауысқанда эпизод ауысады. **Балалардың аспаптарында ойнау** Домбыраның сүйемел ырғағы тыңдатылады. Балалар соқпалы аспаппен (дабыл/таяқша) ырғақты бірге береді. Металлофонда бір пластинада бірқалыпты соғу қайталанады. Ойын: «Орында да тоқта» Музыка жүргенде соғады, музыка тоқтаса қолды тізеге қояды. **Билер** Қазақ биіндегі қол қимылдары: алақанды сыртқа қаратып ашу, қолды жоғары көтеріп түсіру, жеңіл иілу. Ойын: «Қол өрнегі» Музыкаға сай «қол өрнегін» қайталау: 1) ашу 2) көтеру 3) түсіру 4) иілу. **Дене тәрбиесі**	**Байланыстырып сөйлеу** **Ойын: «Неге жақсы көремін?»** Неге анаңды жақсы көресің? Не үшін анаң саған қамқор болады? Балалар себеп-салдармен жауап береді.

			қайталайды; 3 жылдам соққы балалар қайталайды. **Билер** Шеңбер бойымен ән айтып жүру. Музыка тоқтаса тоқтау. Музыка жылдамдаса қадамды жылдамдату. Ойын: «Шапшаң шеңбер» Белгі бойынша бағытты ауыстыру (оңға/солға). Ептілік пен шапшаңдық дамиды. **Дене тәрбиесі** Сапқа тұру. Құрсаумен жаттығу Сапқа дұрыс тұруды бекіту. Құрсаумен жаттығу арқылы икемділік пен тепе-теңдікті дамыту. I. Кіріспе бөлім (5 минут) Сапқа тұру. Сәлемдесу. Сыртқы келбетін тексеру. Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығуы. II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут) 1. Қолды жоғары көтеру төмен түсіру. 2. Қолды екі жаққа созып айналдыру. 3. Қол белде оңға,	Сапқа тұру. Секіргішпен ойын Мақсаты: Сапқа дұрыс тұруды бекіту. Секіргіш арқылы аяқ бұлшықеттерін дамыту. I. Кіріспе бөлім Жай жүріс, жүгіру, тыныс алу. II. Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Саусақ жаттығулары. 2. Қол айналдыру. 3. Бұрылу. 4. Еңкею. 5. Аяқ көтеру. III. Негізгі қимыл Шеңберге тұру. Орнында айналу. Оңға, солға бұрылу. IV. Қимылды ойын: «Секіргішпен секіру» Балалар жеке-жеке секіреді. Белгіге дейін секіріп барып, кері қайтады. Ережесі: арақашықтық сақтау. V. Ырғақтық жаттығу Музыкамен жеңіл секіру.	

			солға бұрылу. 4. Алға еңкею. 5. Орнында жеңіл секіру. III. Негізгі қимыл Бір-бірден сапқа тұру. Екеуден қатарға тұру. Шеңберге қайта тұру. Ара қашықтық сақтау. IV. Қимылды ойын: «Құрсаудан өт» Икемділік пенептілікті дамыту. **Ойын шарты:** Құрсаулар тізбектеліп қойылады. Балалар кезекпен құрсаудың ішінен секіріп немесе еңкейіп өтеді. **Ережесі:** Құрсауды құлатпау Кезекті сақтау Жүгірмеу V. Ырғақтық жаттығу Музыкамен марш жасау, қолды жоғары-төмен қозғау. VI. Қорытынды бөлім Тыныс алу жаттығулары. Қауіпсіздік ережесін еске салу.	VI. Қорытынды Тыныс алу жаттығулары.	

	Апталық дәйек сөз: *«Анаға құрмет адамдықтың белгісі»* «Ана қонақжай үйдің берекесі» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Сөздер мен сөз тіркестерін анық, дұрыс айтуға назар аудару. «Қонақ келді», «қонақты қарсы алды», «төрге отырғызды» тіркестерін дұрыс дикциямен айту. Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі туралы әңгімелеу: қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, ас ұсыну. Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: *мейірімді ана, кең дастархан*. Байланыстырып сөйлеу «Үйге қонақ келді» сюжетті жағдайы бойынша шағын сахналық көрініс ұйымдастыру**Көркем әдебиет** Қазақ халқының қонақжайлылығы туралы мақал-мәтелдермен танысу. Жаңылтпаш айту: *«Қонақ келсе, құт келер»*. Кітаптағы суреттерді қарап, ана мен қонақ	«Ана дастарханы береке көзі» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалардың сөздерді анық, дұрыс айтуына назар аудару. «Дастархан», «ас», «тағам», «бата», «ас қайыру» сөздерінің мағынасын түсіндіру. Қазақ халқының дастархан мәдениеті туралы әңгімелеу: асты оң қолмен ұсыну, үлкендерге бірінші ас беру, ас ішкен соң алғыс айту. Зат есім мен сын есімді байланыстырып айту: *ақ дастархан, дәмді ас, мол тағам*. Байланыстырып сөйлеу «Ас ішіп болған соң» ұсынылған сюжетті жағдайы бойынша бата беру, ас қайыру	«Анаға құрмет үлкенге ізет» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалармен үлкендерді сыйлау, анаға құрмет көрсету туралы әңгіме жүргізу. «Қамқор ана», «еңбекқор ана», «мейірімді ана» сөз тіркестерін анық дикциямен айту. Сөйлеу барысында сөздердің дұрыс айтылуына, дыбыстарды жұтпай айтуға көңіл бөлу. Зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып сөйлем құрастыру. Байланыстырып сөйлеу «Анаға қалай көмектесемін?» ұсынылған сюжетті жағдай бойынша балалар өз ойларын толық сөйлемдермен жеткізеді. Балалар бір-біріне **неге? не үшін?** деген сұрақтар қояды, жауап береді. **Көркем әдебиет** Ана туралы өлең оқу, сөз өнерінің тәрбиелік мәнін түсіндіру. Санамақ айту, жаңылтпаштар арқылы сөйлеу анықтылығын жетілдіру.	«Ана табиғат жанашыры» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Өсімдіктерге күтім жасау туралы әңгімелеу. «Суарады», «қопсытады», «гүл өсіреді» сөз тіркестерін анық айту. Сөздерді дұрыс айтуға, сөйлеу қарқынын сақтауға жаттықтыру. Байланыстырып сөйлеу Өсімдіктің өсуі үшін не қажет екенін ретімен айтып беру (жер, су, жарық, жылу). Балалар өз ойларын бір-бірімен байланыстырып жеткізеді. **Көркем әдебиет** Өсімдіктер мен табиғат туралы халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыру. Өсімдікке қатысты жұмбақтар шешу, санамақ айту. Кітаптағы өсімдік бейнеленген иллюстрацияларды өз бетінше қарап, сол бойынша шағын әңгіме құрастыру. Қазақ тілі Тыныстыдұрыс алып сөйлеу, дыбыстарды	«Анаға сыйлық» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалардың анаға деген сүйіспеншілігі мен алғысын сөзбен жеткізуіне мүмкіндік беру. «Анама рахмет», «Мен анамды жақсы көремін», «Анам мені күтеді» сияқты сөйлемдерді анық дикциямен айту. Сөйлеу барысында сөздерді дұрыс айтуға, дыбыстарды жұтпай, қалыпты қарқынмен сөйлеуге назар аудару. Зат есім мен сын есімді байланыстырып сөйлеу: *қымбат ана, мейірімді ана, сүйікті ана*. Байланыстырып сөйлеу «Анаға сыйлық» ұсынылған сюжетті жағдай бойынша балалар өз ойларын жүйелі түрде баяндайды. Балалар бір-біріне **неге анаға сыйлық береміз?, не үшін анаға алғыс айтамыз?** деген зерттеу сипатындағы сұрақтар қояды, жауап береді. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен

	бейнесі бойынша әңгіме құрастыру. **Қазақ тілі** Интонацияны қолданып, қонақты қарсы алу сөздерін мәнерлеп айту: *«Қош келдіңіз!»*, *«Төрлетіңіз!»*. Ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізу. **Математика негіздері** Әртүрлі ыдыстардан құралған жиынды қарастыру. Заттарды жұппен қойып, тең немесе тең еместігін анықтау. «Нешінші?» сұрағына жауап беру (дастарханға қойылған орындар).	көрінісін сахналау. Балалар рөлдерге бөлініп, өз ойларын толық сөйлемдермен жеткізеді. **Көркем әдебиет** Бата сөздерін тыңдау, мазмұнын талқылау. Санамақ айту, ыдыс-аяққа қатысты жұмбақтар шешу. Кітаптағы дастархан суреттерін қарап, сурет бойынша әңгіме құрастыру. **Қазақ тілі** Бата сөздерін мазмұнына сай интонациямен мәнерлеп айту. Қазақ тіліне тән ө, ү, ұ, і дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу.	Айтыс өнерімен таныстыру (қысқа сұрақ-жауап түріндегі диалог). Кітаптағы иллюстрацияларды қарап, сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру. **Қазақ тілі** Шығарманы жеткізуде дауыс ырғағын, үзілісті, логикалық екпінді қолдану. Ө, ү, ұ, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу **Математика негіздері** Заттарды өсу және кему ретімен орналастыру. Ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау ұғымдарын сөйлеуде қолдану. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен айту: *менің алдымда…, оң жағымда….* .	анық айту. Ө, қ, ү, ұ дыбыстарын сөз ішінде дұрыс қолдану. **Математика негіздері** Кеңістікте бағдарлау: алға–артқа, оңға–солға, жоғары–төмен бағыттарда қозғалу. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен белгілеу: *менің алдымда гүл, оң жағымда су құятын құты тұр*. Өлшемді салыстыру: ұзындау–қысқалау, кеңдеу–тарлау ұғымдарын қолдану.	жеткізуге мүмкіндік беріледі. **Көркем әдебиет** Ана туралы өлеңдерді мәнерлеп оқу, дауыс ырғағын, логикалық екпінді қолдану. Апта бойы үйренген мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, санамақтарды қайталау. Халық ауыз әдебиеті арқылы үлкенді сыйлау, анаға құрмет көрсету құндылықтарын бекіту. Кітаптағы ана бейнесі салынған иллюстрацияларды өз бетінше қарап, сол сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру. **Қазақ тілі** Сөйлеу барысында интонацияны өз бетінше қолдану, тыңдаушының назарын аудару. Қазақ тіліне тән **ө, қ, ү, ұ, і, ғ** дыбыстарын сөз ішінде анық айту. Өз ойын толық, мазмұнды сөйлемдермен жеткізуге дағдыландыру. **Математика негіздері** Уақытты бағдарлау: *бүгін кеше ертең* ұғымдарын

		Математика негіздері 5 көлемінде тура және кері санау. «Нешінші?», «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беру. Заттарды жұппен қою арқылы тең және тең емес жиындарды анықтау.			қолдану. Реттік сан есімдерді атау: *бірінші сыйлық, екінші сыйлық.* Заттарды жұппен салыстырып, тең немесе тең еместігін анықтау. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беру арқылы қорытынды санды айту.
Екінші таңғы ас	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Бата:** Асың,асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа. Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсы!Әумин **Адал азамат біртұтас тәрбие**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Көктем белгілерін байқау** **Бақылау:** Балаларды серуен алаңына шығарып, айналадағы маусымдық өзгерістерге назар аударту. Күннің қыс мезгіліне қарағанда жылырақ екенін сезіндіру. Қардың	**Қардың еруі** **Бақылау:** Қар қалдықтарын бақылау. Қарды қолға алып, жылудың әсерінен еріп жатқанын көрсету. Қардың судың бір түрі екенін түсіндіру. «Қар неге суға айналады?» деген сұраққа балалардың	**Жел** **Бақылау:** Желдің бар екенін сезіну. Лента немесе жалауша арқылы жел бағытын анықтау. Ағаш бұтақтарының тербелісін бақылау. Желдің суық не жылы екенін анықтау. **Дербес әрекет:**	**Бұлттар** **Бақылау:** Аспандағы бұлттарды бақылау. Олардың қозғалысын, пішінін сипаттау. Бұлттардың күнді жауып тұратынын түсіндіру. **Дербес әрекет:** Балалар бұлтты	**Құстардың оралуы** **Бақылау:** Құстардың дауысын тыңдау. Қыстап қалған және жылы жақтан оралған құстар туралы әңгімелеу. Құстардың көктемде белсенді болатынын түсіндіру. **Дербес әрекет:** Құс қимылын бейнелеу. «Құс не істейді?» сұрағына жауап

	азайғанын, кей жерлерде еріген су жиналғанын көрсету. Ағаштардың әлі жапырақсыз тұрғанын, бірақ табиғатта өзгеріс басталғанын түсіндіру. Сұрақтар қою: «Қыс мезгілі мен көктемнің айырмашылығы қандай?», «Неге қар еріп жатыр?», «Күннің пайдасы қандай?» Балалардың жауаптарын толық сөйлеммен айтуына бағыт беру. **Дербес әрекет:** Балалар көктем көріністерін қимыл арқылы бейнелейді (күннің шығуы, желдің соғуы, қардың еруі). «Көктем келді» тақырыбында 2–3 сөйлемнен тұратын шағын әңгіме құрастырады. **Еңбек:** Алаңдағы ұсақ қоқыстарды қолғап киіп жинау. Қоқысты арнайы жәшікке салу. Тазалық сақтау туралы әңгімелеу. **Қимылды ойын:** «Күн мен бұлт» Белгі бойынша тез	ойлануына мүмкіндік беру. **Дербес әрекет:** Қарды шағын ыдысқа салып, біраз уақыттан кейін оның суға айналғанын бақылау. Қар көлемі мен су көлемін салыстыру. **Еңбек:** Еріген судың жиналып қалмауы үшін шағын арықша жасауға көмектесу. **Қимылды ойын:** «Тамшылар» Балалар тамшы болып қозғалады. «Жаңбыр!» – ұсақ секіреді. «Күн шықты!» – шеңберге жиналады.	Желдің баяу және қатты соғуын қимылмен көрсету. Жел туралы қысқа сөйлемдер айту. **Еңбек:** Жел ұшырған жапырақтарды немесе қағаздарды жинау. **Қимылды ойын:** «Жел мен ағаштар» «Жел баяу» – жай тербеледі. «Жел қатты» – тез қозғалады. «Дауыл» – отырып қалады. .	қандай затқа ұқсататынын айтады. 2–3 сөйлем құрастырады. **Еңбек:** Орындықтарды түзеу, алаңды ретке келтіру. **Қимылды ойын:** «Бұлт пен күн» «Күн» – еркін қозғалады. «Бұлт» – белгіленген орынға жиналады	беру. **Еңбек:** Жемсалғышқа жем салу, тазалығын тексеру. **Қимылды ойын:** «Құстар мен мысық»

	әрекет ету дағдысын дамыту. «Күн!» дегенде жүгіреді, «Бұлт!» дегенде отырып, басын жабады.				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту,көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотористикаңы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту. (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

Балалардың дербес іс-әрекеті	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Ана еңбегі үйдің берекесі екенін түсіндіру. Үйдегі гүлдерге күтім жасау туралы әңгімелеу. **Шығармашылық дағды** **Сурет салу** Ана мен қонақ бейнеленген сюжеттік композиция салу, заттардың арақатынасын сақтау. **Мүсіндеу** Қазақтың тұрмыстық заты тостағанды мүсіндеп, ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** Геометриялық пішіндерден дастархан оюын жолаққа бірізділікпен жапсыру. **Құрастыру** LEGO арқылы ұжымдық «қонақ бөлме» құрастыру. **Сюжеттік ойын:** “Шаштараз” Мақсаты: Қызмет көрсету мәдениетін қалыптастыру. Ойын шарты: Шаштараз шаш “қияды”, “тарайды”, клиенттермен сөйлеседі.	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Ана дайындайтын тағамдардың өсімдіктерден алынатынын айту. Көкөністер мен дәнді дақылдардың пайдасын түсіндіру. **Шығармашылық дағды** Сурет салу дастархан басындағы отбасының сюжеттік композициясын салу. Мүсіндеу бауырсақ, табақ мүсіндеу, оюмен безендіру. Жапсыру геометриялық пішіндерден дастархан оюын бірізділікпен жапсыру. Құрастыру LEGO арқылы «ас үй» бұрышын ұжымдық	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау: суару, жапырақ шаңын сүрту. Өсімдіктің тірі тіршілік иесі екенін, күтімді қажет ететінін түсіндіру. **Шығармашылық дағды** **Сурет салу** анаға көмектесу көрінісін сюжеттік композицияда бейнелеу, заттардың арақатынасын сақтау. **Мүсіндеу** қазақ тұрмысына тән еңбек құралы (күрек, шелек) мүсіндеу, ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** гүлдер мен жапырақтардан композиция жасау, бірізділікті сақтау. **Құрастыру** LEGO-дан «үй маңы» немесе «аула» құрастырып, ұжымдық жұмысты талдау. **Зерттеу:** “Қар ериді” Мақсаты: Қар қасиетін түсіндіру Барысы: Қарды жылы жерге қояды Қорытынды: Қар суға айналады **Вариативтік компонент** (маман жоспарымен)	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Өсімдіктер әлемі туралы түсінікті кеңейту. Өсімдіктің тірі тіршілік иесі екенін, оның өсуі үшін жер, топырақ, су, жарық, жылу қажет екенін тәжірибе және бақылау арқылы анықтау. Өсімдіктің даму кезеңдерімен таныстыру: тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау (суару, жапырақтарының шаңын сүрту). Адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызын түсіндіру. Шығармашылық дағды **Сурет салу** «Гүл өсіріп жүрген ана» тақырыбында сюжеттік композиция салу. Суретте өсімдіктің бөліктерін (сабақ, жапырақ, гүл) және олардың бір-бірімен арақатынасын көрсету, композицияны сақтау. **Мүсіндеу** Гүл немесе өсімдік бөліктерін мүсіндеу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы пішіндегі	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Ана еңбегінің отбасы өміріндегі және табиғатпен байланыстағы маңызын түсіндіру. Ана баланы тәрбиелеп қана қоймай, өсімдіктерге, жануарларға қамқор болатынын айту. Адамның табиғатқа қамқорлық танытуы ананың үлгісі екенін қорытындылау. Шығармашылық дағды **Сурет салу** «Анама сыйлық» тақырыбында сюжеттік композиция салу. Суретте ана мен баланың өзара қарым-қатынасын, заттардың бір-біріне арақатынасын көрсету, бейненің композициясын сақтау. **Мүсіндеу** Анаға арналған сыйлықты (жүрек, гүл, тостаған) мүсіндеу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ пішіндегі қазақ ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** Геометриялық пішіндер мен өсімдік

		құрастыру.		қазақ ою элементтерімен безендіру. **Жапсыру** Өсімдік элементтері мен геометриялық пішіндерден жолаққа бірізділік сақтай отырып ою-өрнек жапсыру. Жұмысты ұқыпты орындау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Құрастыру** LEGO және құрылыс материалдарынан ұжымдық «гүлзар» немесе «бақша» құрастыру. Командамен жұмыс істеу, дайын құрылысты бірге талдау, нәтижеге баға беру.	элементтерінен «Анаға сыйлық» композициясын жасау. Жапсыру кезінде бірізділікті, арақашықтықты сақтап, жұмысты ұқыпты орындау. **Құрастыру** LEGO және құрылыс материалдарынан ұжымдық «Анаға сыйлық бұрышы» немесе «Отбасы бөлмесі» құрастыру.
Балалармен жеке жұмыс	**Бағыты:** Тіл дамыту **Жұмыс:** Сурет бойынша 3–4 сөйлем құрату. **Нәтиже:** Ойын жүйелі жеткізеді.	**Бағыты:** Дыбыстық мәдениет **Жұмыс:** «Р», «С» дыбыстарын сөз ішінде айту. **Нәтиже:** Дыбыстарды анық айтады.	**Бағыты:** Математика негіздері **Жұмыс:** 1–5 дейін санау, кері санау. **Нәтиже:** Сандарды ретімен атайды.	**Бағыты:** Логика **Жұмыс:** Артық затты табу, себебін айту. **Нәтиже:** Себеп-салдарды түсіндіреді.	**Бағыты:** Дыбыстық талдау **Жұмыс:** Сөздің бірінші дыбысын анықтау. **Нәтиже:** Дыбысты ажыратады.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Қар ериді» **Шарты:** Балалар «қар» болып тұрады. «Күн	«Көктемгі жел» **Шарты:** Балалар жеңіл жүгіріп	«Тамшылар жарысы» **Шарты:** Екі топқа бөлініп, белгіге дейін жүгіріп	«Мұз сынды» **Шарты:** Балалар шеңберде тұрады. Белгі	«Жылғалардан өт» **Шарты:** Жерге сызықтар сызылады. Балалар

	шықты!» дегенде жайлап қозғалып, алаңға тарайды (еріген қардай).	жүреді. «Жел күшейді!» дегенде бағыттарын тез өзгертеді.	барып, кері қайтады (жаңбыр тамшысындай).	бойынша «мұз» шашырап жүгіреді.	сызықты баспай, секіріп өтеді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тексерді: Әдіскер: Бердашестова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Балапан» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: (09.03.26.-13.03.26ж 2-апта)

Наурыз тәуелсіздік және отаншылдық айы.

Отан, ел, туған өлке туралы білу

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу

Мемлекеттік тілді білу

Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Апта дәйексөзі:«Отан – бізге ортақ үй!»

Тәрбиешілер:Ш.Т.Рустемова, И.М.Заданова

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 09.03.2026 ж**	**Сейсенбі 10.03.2026 ж**	**Сәрсенбі 11.03.2026 ж**	**Бейсенбі 12.03.2026ж**	**Жұма 13.03.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес,әңгімелесу	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		**«От қауіпті!» (Өрт қауіпсіздігі) Ойын барысы:** «Сіріңке кімге арналған?» (Үлкендерге!) «Өрт шықса, не істеу керек?» (Үлкендерге айту!) Балалар өрт сөндірушілердің рөлін ойнайды: «Өрт шықты!» дегенде балалар қолдарымен су шашып, өртті сөндіргендей әрекет жасайды. «101» нөмірін есте сақтау маңызды екенін үйренеді. **Қауіпсіздік ережелері**	Балаларға үйдегі қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі: Розеткаға қол тигізбе! Пышақты ұстама! Дәрілерді өз бетіңше ішпе! **Қауіпсіздік ережелері** «Кімнің заттары?» Балаларға әртүрлі заттар көрсетіледі. Олардың иесін анықтау сұралады: «Бұл кімнің заттары?» «Әже не киеді?» «Әке жұмысқа не алып барады?» Балалар жауап береді және өз тәжірибелерімен бөліседі.**Әлеуметтік дағдылар**	**«Таза су, лас су» (Суды сүзу) Тәжірибе барысы:** Балаларға екі стакан суды көрсетіп, қайсысы таза, қайсысы лас екенін сұраңыз. Лас суды сүзгі арқылы өткізіп, оның тазаланғанын бақылаңыз. Қорытынды: «Лас суды ішуге болмайды! Табиғатты таза ұстауымыз керек!» **Экологиялық тәрбие**	«Қыз қуу» Балалар екі топқа бөлінеді: ұлдар және қыздар. Ойын басталғанда, қыздар алға жүгіріп кетеді.Белгілі бір қашықтықтан кейін (тәрбиеші белгілеген сызықтан) ұлдар қыздарды қуып жетуі керекЕгер ұл бала қызды қуып жетсе, қызға жеңіл қол тигізіп "қуып жеттім!" деп айтуы керек.Егер қыз мәреге бірінші жетсе, ол "жеңімпаз" атанады.**Дене тәрбиесі, бір тұтас тәрбие**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным»гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту.Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері				

	Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			**Музыка** **Музыка тыңдау** Бір ән алдымен домбырамен, кейін басқа аспаппен (фортепиано/аудио) орындалады. Балалар соңына дейін тыңдайды, айырмашылығын байқайды: дыбыс жұмсақ па, анық па. Есте сақтау үшін домбырадағы нұсқасы қайта тыңдатылады. Ойын: «Қай нұсқа?» Балаларға екі белгі: «Домбыра» / «Басқа аспап». Қайта дыбыс тыңдап, дұрыс белгіні көтереді. **Ән айту** Ән сүйемелдеумен айтылады, кейін қайырмасы сүйемелдеусіз айтылып көріледі. Әнді созып, қимылмен үйлестіру: қайырмада қолды ашу, соңында қолды кеудеге қою. Ойын: «Әуенді жалғастыр» Әннің бастапқы бөлігі айтылып, соңғы сөз тіркесін балалар бірге аяқтайды.	**Музыка** **Музыка тыңдау** Домбырамен орындалған ән тыңдалады. Иллюстрациялар ретімен көрсетіледі (оқиға желісі). Балалар соңына дейін тыңдайды, кейін суреттерді ретімен қояды. Ойын: «Суретті ретте» Музыкаға сай 3–4 суретті дұрыс ретке келтіру (есте сақтау, мазмұнды түсіну). **Ән айту** Ән сүйемелдеумен айтылады, содан кейін шағын бөлігін сүйемелдеусіз айту. Мәнерлеп айту: көңілді жерін көтеріңкі, тыныш жерін жұмсақ айту. Жол соңын созып айтуға көңіл бөлу. Ойын: «Дауыс бояуы» Белгі бойынша: «жай» жұмсақ айту, «қатты» сәл көтеріңкі айту. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Ән мазмұны бойынша сахналау: бір топ «ән айтушылар», бір топ «кейіпкерлер». Эпизод ауысқанда кейіпкерлер қимылы өзгереді. Ойын: «Эпизод ауысты»	**Қазақ тілі** Көктем» тақырыбы **Тілдік дамытушы орта** Ойын 1: «Көктемді сипатта» «Көктемде күн жылынады, қар ериді, құстар ұшып келеді.» Балалар жауапты әсерлі, дауыс ырғағын өзгертіп айтуға тырысады. Ойын 2: «Көктемді әртүрлі айт» Балалар «Көктем келді!» сөйлемін: қуанышты, таңдана, баяу, көтеріңкі көңілмен айтады. Тәрбиеші дауыс қарқыны мен мәнеріне назар аударады. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ойын 1: «Ө дыбысын анық айт» Ө дыбысы бар сөздерді айтады: Өзен, көгершін, көктем, көбелек. «Көктемде өзен тасиды.» Ө дыбысын созып айту жаттығуы жасалады.

			Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыка көңілді, ойнақы екенін қимылмен көрсету: жеңіл секіру қадамы, қол бұлғау, бұрылу. Ойын: «Музыка өзгерсе қимыл өзгер» Баяу бөлік жай жүру, жылдам бөлік шапшаң қадам, тоқтау қатып қалу. **Аспапта ойнау** Балалар домбырасы: 1–2 бала кезекпен шегін қағып көреді. Қалғандары таныс әуеннің ырғағын соқпалы аспаппен береді. Ойын: «Кім бастайды?» Ырғақты бір бала бастап береді, қалғандары қосылып қайталайды. **Би** Шеңбер бойымен ән айтып жүру, бағытты ауыстыру, қимылды тез өзгерту. Ойын: «Бағыт ауыстыр» Белгі естілсе шеңбер бағытын ауыстырады (ептілік). **Дене тәрбиесі** **Сапқа тұру.** **Табан жаттығулары** Балалардың сапқа тұру дағдысын бекіту. Жалпақ табандылықтың алдын	1-эпизод жүру, 2-эпизод қол бұлғау, 3-эпизод шеңберге жиналу. **Аспапта ойнау** Металлофонда (бір пластина) әннің соқпақ ырғағын соғу. Домбыра үні қосылғанда ырғақ беру, тыныш жерде тоқтау. Ойын: «Қосыл тоқта» Қайырмада ғана аспаппен қосылады, куплетте тоқтайды. **Би** Қазақ биінің қарапайым элементтері қайталанады: қадам + қол өрнегі + бұрылу. Ойын: «Би пазлы» Қимылды бөліктерге бөліп үйрену: 1) қадам 2) қол 3) бұрылу — соңында біріктіру. **Дене тәрбиесі** **Сапқа тұру. Бағытты бағдарлау** Кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Сапта дұрыс бұрылуды бекіту. **I. Кіріспе бөлім** Сапқа тұру. Жай жүріс, жүгіру. Тыныс алу жаттығулары. **II. Жалпы дамытушы жаттығулар**	Ойын 2: «Қ дыбысы қайда?» «Қар не істеді?» «Қар еріді.» «Құстар келді.» Қ дыбысын анық, қалыпты қарқынмен айтуға жаттығады. Тыныс алу жаттығуы: мұрынмен дем алып, сөйлемді бір тыныспен айту. **Сөздік қор** Ойын 1: «Көктемді мәнерлеп айт» Балалар көктем туралы 4–5 сөйлем құрайды және мәнерлеп айтады: «Көктем келді. Күн жылынды. Қар еріді. Жасыл шөп өсті.» Логикалық екпін, үзіліс жасауға көңіл бөлінеді. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Ойын 1: «Сөйлемді кеңейт» Жай сөйлем: «Қар еріді.» Жайылма сөйлем: «Көктемде күн жылып, қар тез еріді.» Балалар сөйлемді өздері толықтырып айтады. Ойын 2: «Қандай? Не істеді?» әдемі гүл өсті жылы күн шықты жасыл шөп жайқалды

			алу, табан бұлшықеттерін шынықтыру. **I. Кіріспе бөлім (5 минут)** Сапқа тұру. Сәлемдесу. Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығулары. **II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут)** 1. Қолды жоғары көтеру төмен түсіру. 2. Қолды айналдыру. 3. Қол белде бұрылу. 4. Алға еңкею. 5. Орнында жеңіл секіру. **III. Негізгі қимыл** Шеңберге тұру. Орнында айналу. Бағыт бойынша жүру. **IV. Қимылды ойын: «Жалаң аяқ жолмен жүру»** Табан бұлшықеттерін дамыту, шынықтыру. **Ойын шарты:** Балалар арнайы массаж жолақтарымен немесе	1. Саусақ жаттығулары. 2. Қол айналдыру. 3. Бұрылу. 4. Еңкею. 5. Аяқ көтеру. **III. Негізгі қимыл** Бір-бірден сапқа тұру. Белгі бойынша оңға, солға бұрылу. Орнында айналу. **IV. Қимылды ойын: «Бағытты тап»** Зейін мен кеңістікті бағдарлауды дамыту. **Ойын шарты:** Педагог «оңға», «солға», «алға», «артқа» деп бағыт береді. Балалар сол бағытта қозғалады. **Ережесі:** Белгіні мұқият тыңдау Қателеспеу Итермеу **V. Ырғақтық жаттығу** Музыкамен шеңбер бойымен жүру. **VI. Қорытынды бөлім** Тыныс алу жаттығулары. Сабақты қорытындылау.	Сөз тіркестерімен жайылма сөйлем құрастыру. **Байланыстырып сөйлеу** Ойын 1: «Неге? Не үшін?» Неге көктемде қар ериді? Не үшін құстар жылы жақтан оралады? Балалар себеп-салдар байланысын толық сөйлеммен түсіндіреді

			тегіс емес бетпен жалаң аяқ жүреді. **Ережесі:** Жүгірмеу Бірінің артынан бірі жүру Итермеу **Қауіпсіздік:** Жолақ тайғақ болмауы тиіс. **V. Ырғақтық жаттығу** Музыкамен баяу марш. **VI. Қорытынды бөлім** Тыныс алу жаттығулары. Ауыз шаю ережесін еске салу.		
		Апталық дәйек сөз: *«Көктем табиғаттың жаңаруы»* «Көктем белгілері» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Ойын: «Көктем сөздері» Балалар көктем туралы әңгімеге қатысады. Тәрбиеші «көктем келді», «күн жылынды», «қар еріді» сөз тіркестерін айтады, балалар сол сөздерді анық, дұрыс дикциямен қайталап, қай сөз көктемге қатысты екенін айтады. **Байланыстырып сөйлеу** Ойын: «Көктем келді» Балалар рөлдерге бөлініп (күн, гүл, жел), шағын	Көктемгі табиғат **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Ойын: «Қандай?» Балалар тәрбиеші айтқан затқа лайық сын есімді таңдап айтады: шөп жасыл, күн жылы. **Байланыстырып сөйлеу** Ойын: «Бір сурет бір әңгіме» Балалар көктемгі табиғат суретіне қарап, бір-бір сөйлем қосып, ортақ әңгіме құрастырады. **Көркем әдебиет** Ойын: «Жұмбағын тап» Балалар жұмбақтың шешуін тауып, неге солай ойлағанын айтып береді. **Қазақ тілі**	Көктемгі еңбек **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Ойын: «Кім не істеді?» Балалар көктемгі еңбек түрлерін атап, «егеді», «суарады», «қопсытады» сөздерін қолданып сөйлем құрайды. Тәрбиеші әрекетті көрсетіп, балалар оның атауын айтып береді. **Байланыстырып сөйлеу** Ойын: «Бақшадағы бір күн» Балалар көктемгі бақшадағы еңбекті ретімен айтып, таңертең не істелетінін, кейін не болатынын әңгімелейді. **Көркем әдебиет** Ойын: «Не туралы?»	Көктемдегі құстар **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар көктемде ұшып келетін құстар туралы әңгімелейді, «құстар келді», «ұя салды», «ұшты» сөз тіркестерін анық, дұрыс айтады. Ойын: «Дұрыс айт» Тәрбиеші сөз тіркесін айтады, балалар оны анық дикциямен қайталайды, қате айтылса түзетеді. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Құстар келді» сюжетті жағдайы бойынша шағын көрініс құрайды. Ойын: «Бір сөйлем бір

		сахналық көрініс арқылы көктемнің келгенін қысқа сөйлемдермен баяндайды. **Көркем әдебиет** Ойын: «Сурет сөйлейді» Балалар көктем туралы өлең тыңдайды, жаңылтпаш айтады, кітаптағы суреттерді қарап, әр бала сурет бойынша бір сөйлем айтады. **Қазақ тілі** Ойын: «Қалай айтамыз?» Балалар «Көктем келді», «Күн жылынды» сөйлемдерін әртүрлі интонациямен айтып көреді, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстары бар сөздерді анық айтуға жаттығады.	Ойын: «Сөйлемді жалғастыр» Тәрбиеші сөйлемді бастап береді, балалар жалғастырып айтады. **Математика негіздері** Ойын: «Гүлдерді ретте» Балалар гүлдерді санап, ретімен орналастырып, нешінші тұрғанын айтады.	Балалар еңбек туралы шағын әңгімені тыңдап, кейіпкерлердің не істегенін айтып береді. **Қазақ тілі** Ойын: «Сөзден сөйлем» Балаларға бірнеше сөз беріледі, сол сөздерден жай немесе жайылма сөйлем құрастырады. **Математика негіздері** Ойын: «Өсіп тұр» Балалар еңбек құралдарын немесе өсімдіктерді кішіден үлкенге қарай орналастырып, ретімен санайды.	ой» Әр бала құстар туралы бір сөйлем айтып, әңгіме бірізді жалғасады. **Көркем әдебиет** Балалар құстар туралы өлең тыңдайды, жаңылтпаш айтады. Ойын: «Кім тез айтады?» Балалар жаңылтпашты анық, тоқтамай айтуға тырысады. **Қазақ тілі** Балалар сөйлемдерді интонациямен айтады, ө, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға жаттығады. Ойын: «Дыбысты естіп айт» Тәрбиеші дыбысы бар сөз айтады, балалар сол дыбысты бөліп айтады. **Математика негіздері** Балалар құстар бейнеленген жиынды қарайды, жұппен салыстырады, реттік санды атайды. Ойын: «Қайсысы нешінші?» Балалар құстарды ретімен қойып, нешінші тұрғанын айтады.
Екінші таңғы ас	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Бата:** Асың,асың, асыңа,				

	Бақыт қонсын басыңа. Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсы!Әумин **Адал азамат біртұтас тәрбие**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотрикаңы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен		**Ағаш бүршіктері** **Бақылау:** Балаларды ағаш жанына апарып, бұтақтардағы бүршіктерді көрсетеді. Бүршіктің кішкентай, тығыз, қоңыр немесе жасыл түсті болатынын түсіндіреді. Қыс бойы ағаш «ұйықтап» тұрғанын, ал көктемде күннің жылуымен «оянатынын» әңгімелейді. Сұрақтар: «Бүршік неге пайда болды?», «Күн жылынса не болады?», «Ағашқа су не үшін керек?» **Дербес әрекет:** Балалар «ағаштың өсуін» қимылмен көрсетеді: алдымен отырып, кейін баяу тұрып, қолдарын жоғары созады. Бүршіктің ашылуын саусақтарын жайып	**Көлеңке** **Бақылау:** Күн ашық кезде балалардың көлеңкесін көрсетіп, ұзындығын салыстыру. Таңертеңгі және түскі көлеңкенің айырмашылығын түсіндіру. Сұрақтар: «Көлеңке қашан пайда болады?», «Неге көлеңке ұзын/қысқа?» **Дербес әрекет:** Балалар өз көлеңкесін басып көреді, секіріп байқайды. Көлеңкені қимыл арқылы зерттейді. **Еңбек:** Алаңдағы заттарды реттеу. **Қимылды ойын – «Көлеңкені бас»**	**Көктемгі дыбыстар** **Бақылау:** Балалар көздерін жұмып, табиғат дыбыстарын тыңдайды: жел, су тамшысы, құстар дауысы. Әр дыбысты ажыратып айтуға үйрету. **Дербес әрекет:** Дыбысты қимылмен бейнелеу (тамшы – саусақпен тықылдату, жел – қолды сермеу). **Еңбек:** Ойыншықтарды жинау. **Қимылды ойын – «Дыбысты тап»** Тәрбиеші белгілі бір бағытта дыбыс шығарады (алақан соғу). Балалар дыбыс шыққан жаққа жүгіреді. Мақсаты: есту қабілетін дамыту.	**Су ағымы** **Бақылау:** Еріген судың қай бағытта ағып жатқанын бақылау. Су төмен қарай ағатынын түсіндіру. **Дербес әрекет:** Қолмен су ағымын көрсету. Жылдам және баяу ағуды салыстыру. **Еңбек:** Су жиналған жерді тазалау. **Қимылды ойын – «Өзеннен өт»** Жерге сызық сызылады. Балалар оны «өзен» деп елестетеді. Сызықтан секіріп өту керек. Ереже: сызықты басуға болмайды.

		бейнелейді. 2–3 сөйлеммен «Ағаш көктемде...» деп әңгіме құрайды. **Еңбек:** Түскен ұсақ бұтақтарды жинап, арнайы жерге қою. Ағаш бұтақтарын сындырмау керектігін түсіндіру. **Қимылды ойын – «Ағаштар желде»** Ойын шарты: Балалар – «ағаштар». Тәрбиеші – «жел». Ереже: • «Жел баяу соқты» – балалар жай тербеледі. • «Жел қатты соқты» – қолдарын жоғары көтеріп, қаттырақ қозғалады. • «Дауыл!» – балалар тез отырып қалады. Мақсаты: тыңдау, белгіге жылдам әрекет ету.	Бір бала жүргізуші болады. Ол басқа балалардың көлеңкесін басуға тырысады. Кімнің көлеңкесін басса, сол жүргізуші болады. Ереже: итеруге болмайды, тек көлеңкені басу керек.		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту,көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи				

	ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту. (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті		**Математика негіздері** Ойын: «Жұбын тап» Балалар көктемге байланысты суреттерді жұппен орналастырып, олардың тең немесе тең емес екенін анықтайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Ойын: «Не өзгерді?» Балалар суреттерді салыстырып, көктемде табиғатта қандай өзгеріс болғанын айтып береді. **Шығармашылық дағды** Ойын: «Көктемгі	**Вариативтік компонент** (маман жоспарымен) **Қоршаған әлеммен таныстыру** Ойын: «Не керек?» Балалар өсімдікке не қажет екенін атап шығады. **Шығармашылық дағды** Ойын: «Гүлзар жасайық» Балалар гүл суретін салады, мүсіндейді, жапсырады және LEGO арқылы гүлзар құрастырады. **Зерттеу**“Ауыр және	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар өсімдікке не қажет екенін айтады. Ойын: «Өсімдікке не керек?» Балалар су, жарық, жылуды атап көрсетеді. **Шығармашылық дағды** Балалар гүлді бейнелейді, оюмен безендіреді. Ойын: «Гүлзар» Балалар сурет салып, мүсіндеп, жапсырып, гүлзар композициясын жасайды.	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар құстардың тірі табиғат иесі екенін, оларға қамқорлық қажет екенін түсінеді. Ойын: «Құстарға көмектес» Балалар құстарға не қажет екенін айтып шығады (су, тыныштық, ұя). **Шығармашылық дағды** Балалар сурет салады, мүсіндейді, жапсырады, құрастырады.

		шеберхана» Балалар сурет салып күн мен бұлтты бейнелейді, мүсіндеуде қарапайым пішіндерден гүл немесе күн жасайды, жапсыруда қағаздан күн сәулелерін орналастырады, құрастыруда LEGO арқылы көктемгі алаң жасайды.	жеңіл” Мақсаты: Заттарды салыстыру Құралдар: Әртүрлі заттар Барысы: Балалар көтеріп көреді – Қайсысы ауыр? Қорытынды: Заттардың салмағы әртүрлі **Вариативтік компонент** (маман жоспарымен)	**Сюжеттік ойын:** “Автобус жүргізушісі” Мақсаты: Көлік қызметі туралы түсінік беру. Ойын шарты: Жүргізуші автобус жүргізеді, жолаушылар мінеді, билет алады.	Ойын: «Құс ұясы» Балалар түрлі материалдарды пайдаланып құс және ұя жасап, ортақ композиция құрады.
Балалармен жеке жұмыс		**Бағыты:** Қоршаған ортамен танысу **Жұмыс:** Жыл мезгілдерін атау. **Нәтиже:** 4 мезгілді ажыратады.	**Бағыты:** Ұсақ моторика **Жұмыс:** Қиып-жапсыру жұмысы. **Нәтиже:** Қайшымен дұрыс жұмыс істейді.	**Бағыты:** Сөйлеу мәдениеті **Жұмыс:** Сыпайы диалог құру. **Нәтиже:** 2–3 сөйлеммен жауап береді.	**Бағыты:** Есте сақтау **Жұмыс:** 4 сөзді есте сақтап қайталау. **Нәтиже:** Есте сақтау қабілеті дамиды.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен		«Бұлт пен күн» **Шарты:** «Күн» дегенде еркін ойнайды, «Бұлт» дегенде бір жерге жиналады.	«Құстар оралды» **Шарты:** Балалар құс болып ұшады (жүгіреді). «Ұяға!» дегенде шеңберге кіреді.	«Лайдан сақтан» **Шарты:** Шеңберлер (көлшік) қойылады. Балалар секіріп өтіп, ішіне түспеуі керек.	«Кім жылдам?» **Шарты:** Белгі бойынша белгіленген жерге дейін жүгіріп, кері қайту.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тексерді: Әдіскер: Бердешова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Балапан» ересек тобы
Жоспардың құрылу кезеңі: 16.03.26.-20.03.26ж 3-апта
Наурыз тәуелсіздік және отаншылдық айы.
Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу
Апта дәйексөзі:«Мен – Қазақстанның баласымын!»
Тәрбиешілер:Ш.Т.Рустемова, И.М.Заданова

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 16.03.2026 ж**	**Сейсенбі 17.03.2026 ж**	**Сәрсенбі 18.03.2026 ж**	**Бейсенбі 19.03.2026ж**	**Жұма 20.03.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Сиқырлы су» **Шарты:** Балалар суға түрлі заттарды салып, бата ма, қалқып жүре ме бақылап көреді. **эксперименталдық, танымдық, коммуникативтік әрекет**	«Көңілді қимылдар» **Шарты:** Музыка әуенімен жүгіру, секіру, түрлі қимылдарды қайталау. **қимылды ойын**	«Құрылысшылар» **Шарты:** Балалар құрылыс бөлшектерінен үй, көпір құрастырады. Бір-бірімен ақылдасып жұмыс жасайды. **танымдық, шығармашылық, коммуникативтік, дербес әрекет**	«Дәмді ас» **Шарты:** Балалар аспаз рөлінде ас дайындауды ойнайды (араластыру, ыдысқа салу). ойын, **шығармашылық, коммуникативтік, еңбек әрекеті**	«Түстерді тап» **Шарты:** Тәрбиеші айтқан түсті тауып, сол түсті затты көрсетеді. **танымдық, коммуникативтік, ойын.**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстанам»гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту.Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені .Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** **Сапқа тұру.** **Жылдамдықты дамыту** Балаларды сапқа дұрыс тұруға, арақашықтық сақтауға үйретуді жалғастыру. Жүгіру арқылы жылдамдық пен ептілікті дамыту.		**Музыка** **Музыка тыңдау** Домбырада ойнақы күй тыңдатылады. Балалар соңына дейін тыңдайды. Музыкада «жылдам» жерін қолмен шапалақтап белгілеу ұсынылады.	**Музыка** **Музыка тыңдау** Домбырамен орындалған ән тыңдатылады. Иллюстрация арқылы мазмұны ашылады. Балалар соңына дейін тыңдайды, кейін әннің көңіл күйін айтады.	**Қазақ тілі** **Тілдік дамытушы орта** Ойын 1: «Қонақты қарсы ал» Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші «қонақ келді» деп хабарлайды. Бір бала қонақты толық

	I. Кіріспе бөлім (5 минут) Балаларды сапқа тұрғызу. Сәлемдесу. Сыртқы келбетін тексеру. Жаттығулар: Жай жүріс Аяқ ұшымен жүру Өкшемен жүру Бағыт ауыстырып жеңіл жүгіру Тыныс алу жаттығуы (3–4 рет). **II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут)** Қолды алға созып, саусақтарды ашу-жұму (6–8 рет). Қол білектерін айналдыру. Қолды екі жаққа созып айналдыру. Қол белде оңға, солға бұрылу. Орнында жеңіл секіру. Педагог дене қалпына назар аударады. **III. Негізгі қимыл** Бір-бірден сапқа тұру. Екеуден қатарға тұру. Шеңберге тұру. Белгі бойынша оңға, солға бұрылу. Қауіпсіздік: Жүгіру кезінде бір-біріне		Ойын: «Жылдам жерін тап» Музыка жылдамдаса шапалақ, баяуласа қол тізеде. **Ән айту** Таныс ән сүйемелдеумен айтылады. Қайырма сүйемелдеусіз айтылып көріледі. Әнді созып айту, қимылмен үйлестіру: қайырмада қолды жоғары көтеру. Ойын: «Созып жібер» Ән соңындағы дыбысты бәрі бірге «ұзақ» созып айтады. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Таныс әннен қысқа сахналық көрініс: «мереке/ойын» мазмұны. Музыка сипатына сай күлімдеу, жеңіл секіру, шеңберге жиналу. Ойын: «Сахнаға шық» Белгі бойынша «кейіпкер» ортаға шығып қимыл көрсетеді, эпизод біткенде орнына қайтады. **Аспапта ойнау** Балалар домбырасын қолдану: бір бала 1–2	Ойын: «Көңіл күйді таңда» Көңілді/тыныш/ойнақы смайликтерден біреуін таңдайды. **Ән айту** Ән сүйемелдеумен, кейін сүйемелдеусіз қайырмасы айтылады. Мәнерлеп айтуға баулу: сөйлем соңын созу фразаны бір тыныспен айту қимылмен үйлестіру (ре–си диапазонында дыбысты дұрыс алып айту) Ойын: «Әнді қимылмен айт» Ән айта отырып 2 қимылды міндетті орындау: қолды ашу + бұрылу. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Таныс әнді сахналау, эпизодтар арасында ауысу: «жүру тоқтау қол бұлғау айналу». Ойын: «Эпизод картасы» Карта көрсетіледі (жүру/айналу/қол бұлғау) балалар сол қимылды орындайды. **Аспапта ойнау** Металлофонда бір пластинада «ұзақ-қысқа» соғу (ұзақ дыбысқа бір	аты-жөнімен шақырады: «Айдос Ержанұлы, төрге шығыңыз!» Балалар сәлемдесу сөздерін әртүрлі интонациямен айтады: салтанатты, қуанышты, құрметпен. дауыс мәнерін өз бетінше қолданып, тыңдаушы назарын аудару. Ойын 2: «Дәстүрді таныстыр» Бала белгілі бір дәстүрді (Наурыз, тұсаукесер, бата) әсерлі дауыс ырғағымен таныстырады: «Наурыз ұлы мереке!» Интонация арқылы мазмұнды жеткізуге үйренеді. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ойын 1: «Ұ дыбысын анық айт» Сөздер: ұлыс, ұлттық, ұрпақ, ұлағат. Балалар дыбысты жеке, кейін сөз ішінде анық айтады. Сөйлем құрайды: «Наурыз ұлыс мерекесі.»

	соқтығыспау Белгіден аспау **IV. Қимылды ойын: «Допты қуып жет»** **Мақсаты:** Жылдамдық пен зейінді дамыту. **Ойын шарты:** Педагог допты алға қарай домалатады. Белгі бойынша балалар допты қуып жетіп, ұстап әкеледі. **Ережесі:** Белгі бойынша ғана жүгіру Бір-бірін итермеу Допты дұрыс ұстау **Педагог әрекеті:** Жүгіру техникасын бақылау. **V. Ырғақтық жаттығу (3–4 минут)** Музыкамен жеңіл жүру, қолды жоғары-төмен қозғау. **VI. Қорытынды бөлім (3 минут)** Тыныс алу жаттығулары. Белсенді балаларды мадақтау		рет қағады, басқалары соқпалы аспаппен ырғақ береді. Металлофонда бір пластинада біркелкі соғу. Ойын: «Топ болып сүйемелде» Ән айтылғанда бәрі ырғақ береді, ән тоқтағанда бәрі тоқтайды. **Би** Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылды өзгерту, шапшаңдық көрсету. Ойын: «Кім епті?» Белгі естілгенде тез тоқтап, дұрыс қалыпқа тұру (қол кеудеде/қол жоғары). **Дене тәрбиесі** **Сапқа тұру.** **Дәлдікке арналған ойын** Допты нысанаға дәл тигізу арқылы көз мөлшерін, қол бұлшықеттерін дамыту. **I. Кіріспе бөлім (5 минут)** Сапқа тұру. Жай жүріс, аяқ ұшымен жүру, өкшемен жүру. Жеңіл жүгіру. Тыныс алу жаттығулары.	соққы, қысқаға екі соққы). Домбыра үні қосылғанда балалар ырғақпен сүйемелдейді. Ойын: «Ұзақ па, қысқа ма?» Музыка ұзақ дыбыс берсе 1 рет, қысқа болса 2 рет соғу. **Би** Қазақ би қимылдарын қайталау және біріктіру: қадам + қол өрнегі + иық қимылы. Ойын: «Би тізбегі» Қимылдарды тізбекпен орындау: 1) қадам 2) қол 3) иық — соңында толық би. **Дене тәрбиесі** **Сапқа тұру.** **Шапшаңдықты дамыту** Жүгіру арқылы шапшаңдық пен төзімділікті дамыту. **I. Кіріспе бөлім** Сапқа тұру. Жай жүріс. Бағыт ауыстырып жүгіру. Тыныс алу жаттығулары. **II. Жалпы дамытушы жаттығулар** 1. Саусақ жаттығулары. 2. Қол айналдыру. 3. Бұрылу.	Ойын 2: «Ғ және Қ дыбыстары» Сөздер: ғұрып, қонақ, құрмет, ырыс, ілтипат. Тәрбиеші сұрайды: «Қонақ не істеді?» Балалар: «Қонақ келді.» «Қонаққа құрмет көрсетті.» Дыбыстарды анық, қалыпты қарқынмен айтуға жаттықтыру. **Сөздік қор** Ойын 1: «Батаны мәнерле» Қысқа бата сөзін кідіріс жасап, логикалық екпінмен айту: «Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын!» Мәнерлеп сөйлеуге баулу. Ойын 2: «Сөзді толықтыр» «Наурызда адамдар бір-біріне …» Балалар жалғастырады: «құттықтау айтады.» «бата береді.» Жаңа сөздерді белсенді қолдану. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Ойын 1: «Сөйлемді кеңейт» Жай сөйлем: «Наурыз

			II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут) Қолды жоғары көтеру төмен түсіру. Қолды айналдыру. Қол белде бұрылу. Алға еңкею. Тізені бүгіп, аяқ көтеру. **III. Негізгі қимыл** Шеңберге тұру. Орнында айналу. Белгі бойынша оңға, солға бұрылу. **IV. Қимылды ойын: «Құрсауға дәл түс»** **Мақсаты:** Дәлдік пенептілікті дамыту. **Ойын шарты:** Белгіленген жерден балалар допты құрсаудың ішіне лақтырады. **Ережесі:** Белгіден аспау Кезек сақтау Допты жоғары емес, алға қарай лақтыру **Қауіпсіздік:** Бір-бірінің алдында тұрмау. **V. Ырғақтық жаттығу** Музыкамен марш, қол шапалақтау.	4. Еңкею. 5. Орнында секіру. **III. Негізгі қимыл** Бір-бірден сапқа тұру. Екеуден қатарға тұру. Белгі бойынша бұрылу. **IV. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»** **Мақсаты:** Шапшаңдық пен төзімділікті дамыту. **Ойын шарты:** Белгі бойынша балалар белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады. **Ережесі:** Белгіге дейін ғана жүгіру Кезек сақтау Бір-бірін итермеу **V. Ырғақтық жаттығу** Музыкамен жеңіл жүру. **VI. Қорытынды бөлім** Тыныс алу жаттығулары. Мадақтау.	мереке.» Жайылма сөйлем: «Наурыз көктемде тойланатын ұлттық мереке.» Ойын 2: «Қандай? Не істеді?» үлкен мереке өтті әже бата берді балалар ән айтты **Байланыстырып сөйлеу** Ойын 1: «Неге маңызды?» Неге Наурызды ұлы мереке дейді? Не үшін адамдар бата береді? Балалар себеп-салдар байланысын толық сөйлеммен жеткізеді.

			VI. Қорытынды бөлім Тыныс алу жаттығулары. Сабақты қорытындылау.		
	Наурыз жыл басы **Апталық дәйек сөз:** «Наурыз жаңару мен бірліктің мерекесі» **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар Наурыз мерекесі туралы әңгімеге қатысады, «Наурыз келді», «жыл басы», «мереке тойланды» сөз тіркестерін анық айтады. Ойын: «Наурыз сөздері» Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар қайсысы Наурызға қатысты екенін анықтап, сөздерді дұрыс дикциямен қайталайды. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар «Наурыз келді» тақырыбында шағын көрініске қатысады. Ойын: «Мереке басталды» Балалар бір-бір сөйлем қосып, мерекенің басталуын ретімен әңгімелейді. **Көркем әдебиет** Балалар Наурыз туралы өлең тыңдайды, мақал-	Наурыздағы ұлттық тағамдар **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар Наурыз көже туралы әңгімелейді, ұлттық тағам атауларын дұрыс, анық айтуға тырысады. **Ойын: «Қалай айтамыз?»** Тәрбиеші «Наурыз көже», «құрт», «ірімшік», «бауырсақ» сияқты тағам атауларын айтады. Балалар сөздерді хормен және жеке-жеке қайталап, дұрыс дыбыстауға көңіл бөледі. Кейін балалар қай тағамды үйде көргенін айтып береді. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар Наурыз көженің қалай дайындалатыны туралы ретімен	Ұлттық киімдер мен әшекейлер **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар ұлттық киімдер туралы әңгімеге қатысады, «шапан», «камзол», «тақия», «сәукеле» сөздерін анық, дұрыс айтуға тырысады. **Ойын: «Қандай киім?»** Тәрбиеші ұлттық киімнің суретін көрсетеді. Балалар оның атауын айтып, түсін, әшекейін сипаттайды. Сын есім мен зат есімді байланыстырып айтуға жаттығады: әдемі камзол, ұзын шапан. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар ұлттық киім киген адам туралы әңгіме құрайды. **Ойын: «Сипаттап айт»** Бір бала суретті таңдап алады да, киімнің бөліктерін ретімен сипаттайды, басқа	Ұлттық ойындар **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар ұлттық ойындар туралы әңгімелейді, «алтыбақан», «ақ сүйек», «арқан тартыс» сөздерін анық, дұрыс айтуға тырысады. **Ойын: «Ойынды ата»** Тәрбиеші ұлттық ойындардың суреттерін көрсетеді. Балалар ойынның атауын айтып, қалай ойналатынын қысқаша түсіндіреді. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар ұлттық ойын ойнау барысын ретімен әңгімелейді. **Ойын: «Бір сөйлем қос»** Бір бала «Біз алтыбақан ойнадық…» деп бастайды, келесі балалар бір-бір сөйлемнен қосып, әңгімені жалғастырады. **Көркем әдебиет** Балалар ойын, қимыл-қозғалыс туралы жаңылтпаш айтады. **Ойын: «Қайталап айт»**	Наурыз береке мен бірлік мерекесі **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар Наурыз мерекесі туралы алған білімдерін еске түсіріп, сөздерді анық, дұрыс айтады. **Ойын: «Наурызды ата»** Әр бала Наурызға байланысты бір сөз немесе тіркес айтады: мереке, көже, ойын, қонақ. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар Наурыз мерекесі туралы ортақ әңгіме немесе ертегі құрайды. **Ойын: «Ертегіні жалғастыр»** Бір бала бастайды, қалған балалар ретімен жалғастырып, толық әңгіме жасайды. **Көркем әдебиет** Балалар Наурыз туралы өлеңді мәнерлеп

	мәтелдермен танысады. Ойын: «Мақалды жалғастыр» Балалар мақалдың жалғасын табуға тырысады. **Қазақ тілі** Балалар «Ұлыстың ұлы күні», «Наурыз құтты болсын!» сөздерін интонациямен айтады. Ойын: «Әдемі айт» Балалар сөйлемді жай, қуанышты, мерекелік интонациямен айтып көреді.	әңгіме құрайды. **Ойын: «Алдымен кейін»** Тәрбиеші көжеге қосылатын тағамдардың суреттерін көрсетеді. Балалар алдымен не салынады, кейін не қосылады деп ретімен айтып, сөйлем құрастырады. **Көркем әдебиет** Балалар ас, дастархан туралы мақал-мәтелдермен танысады. **Ойын: «Дұрыс тап»** Тәрбиеші мақалдың мазмұнын айтып береді, балалар қай мақал сәйкес келетінін табады немесе мақалдың соңын аяқтайды. **Қазақ тілі** Балалар тағамға қатысты сөйлемдерді интонациямен айтады. **Ойын: «Сөйлемді жалғастыр»** Тәрбиеші «Наурыз көже …» деп бастайды, балалар «дәмді», «пайдалы», «берекелі» деп	балалар оның қай киім екенін табады. **Көркем әдебиет** Балалар ұлттық киім, сән-салтанат туралы өлең тыңдайды. **Ойын: «Есте сақта»** Тәрбиеші өлеңді оқиды, балалар өлеңнен есте қалған сөздерді кезекпен айтып шығады. **Қазақ тілі** Балалар сөйлемдерді дұрыс интонациямен айтады, ө, ү, ұ, қ, ғ дыбыстары бар сөздерді анық айтуға жаттығады. **Ойын: «Дұрыс айт»** Тәрбиеші сөзді баяу айтады, балалар сол сөзді дұрыс дыбыстаумен қайталайды.	Балалар жаңылтпашты алдымен жай, кейін жылдам қарқынмен айтып көреді. **Қазақ тілі** Балалар сөйлемдерді интонациямен, анық айтуға жаттығады. **Ойын: «Әдемі сөйле»** Тәрбиеші бір сөйлемді айтады, балалар оны қуанышты, мерекелік көңіл күймен қайталайды.	айтады. **Ойын: «Кім әсерлі айтады?»** Балалар өленді дауыс ырғағын сақтап айтуға тырысады. **Қазақ тілі** Балалар сөйлемдерді дұрыс интонациямен айтады. **Ойын: «Дұрыс айт»** Тәрбиеші қате айтылған сөзді айтады, балалар дұрысын табады.

		жалғастырып, толық сөйлем айтады.			
Екінші таңғы ас	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Бата:** Асың,асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа. Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсы!Әумин **Адал азамат біртұтас тәрбие**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Күннің жылуы** **Бақылау:** Күнге қарап, жылуын сезіну. Қардың күн түскен жерде тез еритінін байқау. **Дербес әрекет:** «Күн шықты» қимыл жаттығуы. **Еңбек:** Су ағатын жерді реттеу. **Қимылды ойын – «Күн шапағы»** Балалар шеңберде тұрады. Бір бала – «Күн». Ол ортада тұрып, «сәулелерін» жібереді (қолын тигізеді). Кімді ұстаса, сол сәуле	**Ауа райы** **Бақылау:** Бүгінгі ауа райын сипаттау (жылы, салқын, желді). **Дербес әрекет:** «Бүгін ауа райы қандай?» әңгімелеу. **Еңбек:** Ойыншықтарды жинау. **Қимылды ойын – «Күн шықты – жаңбыр жауды»** «Күн шықты!» – балалар жүгіреді. «Жаңбыр!» – қолымен басын жабады. «Жел!» – айналады.	**Жердің оянуы** **Бақылау:** Қар кеткен жерді бақылау. Топырақтың дымқыл екенін көрсету. **Дербес әрекет:** «Жер оянды» қимыл жаттығуы. **Еңбек:** Ұсақ тастарды жинау. **Қимылды ойын – «Жер оянды»** Балалар отырып «ұйықтайды». «Күн жылытты!» – баяу көтеріледі. «Жаңбыр жауды!» – саусақпен тықылдатады. «Жер оянды!» – толық тұрып, қолдарын	**Табиғат өзгерісі** **Бақылау:** Қыс пен көктемді салыстыру. **Дербес әрекет:** «Көктем» туралы әңгіме. **Еңбек:** Аула тазалау. **Қимылды ойын – «Қояндар»** Балалар қос аяқпен секіреді. Белгі бойынша «інге» (сызыққа) жиналады.	**Құстар ұясы** **Бақылау:** Ұя туралы әңгімелеу. Құстардың көктемде ұя салатынын түсіндіру. **Дербес әрекет:** Ұя жасауды қимылмен көрсету. **Еңбек:** Жемсалғышты тексеру. **Қимылды ойын – «Ұяға жет»** Жерге шеңберлер сызылады. Балалар «құстар». Белгі бойынша өз «ұясына» жүгіреді.

	болып жүгіреді.		созады.		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту.(тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Математика негіздері** Балалар мерекелік заттардан құралған жиынды қарайды. Ойын: «Жұбын тап» Балалар заттарды жұптап қойып, тең немесе тең еместігін анықтайды.	**Математика негіздері** Балалар дастарханға қойылған ыдыстарды қарайды, санайды. **Ойын: «Қанша кесе?»** Тәрбиеші үстелге	**Вариативтік компонент** (маман жоспарымен) **Математика негіздері** Балалар ұлттық киімдегі ою-өрнектерді қарайды. **Ойын: «Үлкен кіші»** Балалар оюларды	**Математика негіздері** Балалар ойыншықтарды, құралдарды санайды. **Ойын: «Ретін тап»** Балалар ойын құралдарын ретімен орналастырып, «нешінші?» сұрағына	**Математика негіздері** Балалар кеңістікте бағдарлайды. **Ойын: «Қайда тұр?»** Балалар заттың орналасуын айтады: алдында, артында, оң жағында, сол жағында.

	Қоршаған әлеммен таныстыру Балалар Наурыздың көктем мезгілімен байланысын түсінеді. Ойын: «Қай мезгіл?» Балалар көктемге тән белгілерді атайды. **Сурет салу** Балалар Наурыз мерекесінің көрінісін салады. Ойын: «Мерекені бейнеле» Әр бала суретінде күн, адамдар, мерекелік көңіл күйді көрсетуге тырысады. **Жапсыру** Балалар ұлттық ою элементтерін жолаққа бірізділікпен жапсырады. Ойын: «Оюды жалғастыр» Балалар берілген үлгі бойынша оюды ретімен орналастырады. **Құрастыру** Балалар LEGO арқылы мерекелік алаң құрастырады. Ойын: «Наурыз алаңы» Балалар бірігіп киіз үйге арналған орын жасайды. **Мүсіндеу** Балалар күн немесе гүл мүсіндейді. Ойын: «Көктем белгісі»	кесе, табақтарды қояды. Балалар санап, қанша екенін айтады, жұптап қойып тең немесе тең емес екенін анықтайды, «нешінші?» сұрағына жауап береді. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар астың адамға күш беретінін, үлкендердің асты қадірлеу керектігін айтады. **Ойын: «Пайдалы ас»** Тәрбиеші тағам суреттерін көрсетеді. Балалар қайсысы пайдалы, қайсысы мерекелік ас екенін айтып түсіндіреді. **Сурет салу** Балалар мерекелік дастарханды бейнелейді. **Ойын: «Берекелі дастархан»** Балалар суретте дастарханға не қоюға болатынын айтып отырып салады, әр заттың орнын дұрыс орналастыруға тырысады. **Жапсыру**	өлшемі бойынша салыстырып, үлкенін, кішісін ажыратады, жұптайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар ұлттық киімнің мерекеде, тойда киілетінін түсінеді. **Ойын: «Қай кезде киеміз?»** Тәрбиеші жағдайды айтады (мереке, күнделікті күн), балалар қай киім киілетінін айтып береді. **Сурет салу** Балалар ұлттық киімді бояп, әшекейлейді. **Ойын: «Әшекейле»** Балалар камзол немесе шапанның суретін өз қалауынша өрнектеп бояйды. **Жапсыру** Балалар ұлттық ою элементтерін орналастырады. **Ойын: «Ою құрастыр»** Балалар дайын ою бөліктерін ретімен орналастырып, жолаққа жапсырады. **Құрастыру** Балалар қағаздан немесе LEGO арқылы киім үлгісін құрастырады. **Ойын: «Сән үйі»**	жауап береді. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар ұлттық ойындардың балаларды ептілікке, достыққа тәрбиелейтінін түсінеді. **Ойын: «Досым қандай?»** Балалар ойын кезінде бір-біріне қалай көмектесу керектігін айтып береді. **Сурет салу** Балалар ұлттық ойын көрінісін бейнелейді. **Ойын: «Ойынды сал»** Әр бала өзі көрген немесе ұнаған ұлттық ойынды сурет арқылы көрсетеді. **Жапсыру** Балалар ойын құралдарының бейнесін жапсырады. **Ойын: «Ойын құралын құрастыр»** Балалар дайын бөліктерден алтыбақан, доп сияқты бейнелерді құрастырып жапсырады. **Құрастыру** Балалар LEGO немесе құрылыс материалдарынан ойын алаңын құрастырады. **Ойын: «Ойын алаңы»** Балалар бірігіп қай жерде қандай ойын болатынын орналастырады.	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар салт-дәстүрді құрметтеу, үлкенді сыйлау туралы айтады. **Ойын: «Дәстүрді сақтайық»** Балалар Наурызда қандай әдеттер жасалатынын айтып шығады. **Сурет салу** Балалар Наурыз мерекесінің жалпы көрінісін салады. **Ойын: «Наурыз тойын сал»** Балалар суретте адамдарды, дастарханды, ойындарды бейнелейді. **Жапсыру** Балалар мерекелік ою-өрнектерді жапсырады. **Ойын: «Мерекелік өрнек»** Балалар оюларды ретімен орналастырып, әдемі композиция жасайды. **Құрастыру** Балалар ұжымдық Наурыз алаңын құрастырады. **Ойын: «Береке алаңы»** Балалар бірігіп киіз үй, ойын орны, дастархан орнын орналастырады.

	Балалар өз мүсінінің нені білдіретінін айтып береді.	Балалар дастарханға арналған ою-өрнектерді жапсырады. **Ойын: «Өрнекті ретте»** Балалар ою элементтерін үлгіге қарап бірізділікпен орналастырып жапсырады. **Құрастыру** Балалар құрылыс материалдарынан немесе LEGO-дан мерекелік үстел құрастырады. **Ойын: «Дастархан жай»** Балалар бірлесіп үстел, орындық, ыдыс қоятын орын жасап, қай зат қай жерде тұруы керектігін айтады. **Мүсіндеу** Балалар ұлттық ыдыс тостағанды мүсіндейді. **Ойын: «Ұлттық ыдыс»** Балалар жасаған мүсіндерін көрсетіп, оның не үшін қолданылатынын айтып береді.	Балалар бірігіп ұлттық киім көрсетілімін ұйымдастырып, қай киім кімге арналғанын айтады. **Мүсіндеу** Балалар ұлттық әшекей бұйымды мүсіндейді. **Ойын: «Ұлттық әшекей»** Балалар жасаған мүсінін көрсетіп, оның қандай әшекей екенін айтып береді. **Зерттеу:**“Иіс сезу” Мақсаты: Иістерді ажырату Құралдар: Гүл, жеміс Барысы: Балалар иіскейді – Иісі қандай? Қорытынды: Әр заттың иісі әртүрлі	**Мүсіндеу** Балалар доп, асық сияқты ойын заттарын мүсіндейді. **Ойын: «Ойыншық жаса»** Балалар мүсіндеген затын көрсетіп, қандай ойынға арналғанын айтады. **Сюжеттік ойын:** “Полиция қызметкері” Мақсаты: Қауіпсіздік ережелерін үйрету. Ойын шарты: Полиция тәртіпті бақылайды, жол ережесін түсіндіреді.	**Мүсіндеу** Балалар мерекеге қатысты заттарды мүсіндейді. **Ойын: «Наурыз белгісі»** Балалар өз мүсінінің нені білдіретінін айтып береді.
Балалармен жеке жұмыс	**Бағыты:** Математика **Жұмыс:** Заттарды	**Бағыты:** Қимыл координациясы	**Бағыты:** Әңгімелеу **Жұмыс:** Берілген	**Бағыты:** Графикалық дағды	**Бағыты:** Логика **Жұмыс:** Пішіндерді

	салыстыру (артық-кем). **Нәтиже:** Салыстырып айтады.	**Жұмыс:** Допты дәл лақтыру. **Нәтиже:** Қимыл үйлесімі дамиды.	тақырыпқа қысқа әңгіме айту. **Нәтиже:** 4–5 сөйлем құрайды.	**Жұмыс:** Үлгі бойынша сызық жүргізу. **Нәтиже:** Қол бұлшықеті нығаяды.	салыстыру. **Нәтиже:** Пішін айырмашылығын түсінеді.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	«Жел мен ағаш» **Шарты:** Бір топ жел, бір топ ағаш. Жел жүгіріп өтеді, ағаштар тербеледі.	«Көктемгі су» **Шарты:** Балалар ирелеңдеп жүгіріп, «көлге» (шеңберге) жиналады.	«Тепе-теңдік» **Шарты:** Сызық бойымен қолды екі жаққа созып жүру.	«Қарды жина» **Шарты:** Ақ доптарды тез жинап, себетке салу (эстафета).	«Жаңбыр жауды» **Шарты:** «Жаңбыр» дегенде балалар жүгіріп паналайтын жерге жиналады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тексерді: Әдіскер: Бердешестова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Балапан» ересек тобы
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.03.26.-27.03.26ж 4-апта
Наурыз тәуелсіздік және отаншылдық айы.
Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу
Апта дәйексөзі:«Мен – Қазақстанның баласымын!»
Тәрбиешілер:Ш.Т.Рустемова, И.М.Заданова

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 23.03.2026ж**	**Сейсенбі 24.03.2026ж**	**Сәрсенбі 25.03.2026ж**	**Бейсенбі 26.03.2026ж**	**Жұма 27.03.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)				Қазақтың ұлттық киімдерін тану, олардың атауы мен ерекшеліктерін үйрену. Киім кию ойыны Балаларға ұлттық киімдерді кигізіп, олардың қай киім екенін атауын сұрауға болады. Балалар өздері киімді тез әрі дұрыс киюге тырысады.**Бір тұтас тәрбие**	Сипаттау ойыны Жүргізуші бас киім туралы сипаттама айтады (мысалы: «Бұл бас киімді қыздар ұзатылғанда киген»). Балалар оның қандай бас киім екенін табады («Сәукеле»). Топтық жарыс Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топтан бір бала бас киімді киіп шығады, ал қалғандары оның атауын табады.Дұрыс тапқан командаға ұпай беріледі. **Бір тұтас тәрбие**
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным»гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту.Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет				**Музыка** Музыка тыңдау Ай бойы тыңдалған 2 шығарма қайта тыңдатылады: 1 ән (домбырамен), 1 күй (домбырамен). Балалар соңына дейін тыңдап, танып айтады. Ойын: «Таны да көрсет» Музыка басталғанда балалар дұрыс иллюстрацияны көрсетеді (ән/күй, кейіпкер, көңіл күй). Ән айту Таныс әнді екі түрде орындау: сүйемелдеумен толық айту қайырмасын сүйемелдеусіз айту Әнді мәнерлеп айту: жай бөлікте жұмсақ, көңілді бөлікте көтеріңкі. Жол соңын созып, қимылмен үйлестіру. Ойын: «Әнді әдемі айт» Кім сөзді анық, соңын созып, қимылмен дәл келтіріп айтса, сол «Әнші» белгісін алады (ынталандыру). Музыкалық-ырғақтық қимылдар Қысқа сахналық қойылым: таныс ән бойынша 3 эпизод. 1. шеңбермен жүру 2. кейіпкер қимылы 3. бәрі бірге билеу Ойын: «Үш көрініс» Әр көрініс басталғанда белгі беріледі, балалар бірден ауысады. Аспапта ойнау «Шағын ансамбль»: домбыра (кезекпен 1–2 бала), металлофон (бір пластина), дабыл/таяқша. Қарапайым ырғақты бірдей бастау, бірдей аяқтау. Ойын: «Дирижер» Бір бала «дирижер»: қолын көтерсе	**Қазақ тілі** **Тілдік дамытушы орта** Ойын 1: «Кейіпкерді әсерлі таныстыр» Балалар шеңберге тұрады. Бір бала ертегі кейіпкерін таңдап, оны дауыс ырғағын өзгертіп таныстырады: «Бұл батыл батыр!» (мақтанышпен) «Бұл айлакер түлкі…» (қулықпен) Балалар интонация арқылы тыңдаушы назарын аударуға үйренеді. Ойын 2: «Диалог құрастыр» Екі бала кейіпкерлер рөлінде сөйлеседі. Мысалы: «Сен неге орманға келдің?» «Мен достарымды іздеп жүрмін.» Дауыс қарқынын, мәнерін сақтап сөйлеу талап етіледі. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Ойын 1: «Дыбысты анық айт» Сөздер: ғажайып, кейіпкер, қасқыр, үңгір, ізі, құдық. Балалар ө, ү, ұ, і, ғ, қ дыбыстарын жеке айтып, кейін сөз ішінде анық айтады. Тыныс алу жаттығуы: сөйлемді бір тыныспен айту. Ойын 2: «Қай дыбысты естідің?» Тәрбиеші сөз айтады: *қасқыр,*

				ойнайды, түсірсе тоқтайды. Тәртіппен ойнауға үйретеді. Би Қорытынды қазақ би элементтері: қадам + қол өрнегі + бұрылу + иық қимылы. Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылды өзгерту, шапшаңдық көрсету. Ойын: «Көңілді шеңбер» Музыка жылдамдаса қимыл шапшаң, баяуласа қимыл жай. Музыка тоқтаса қатып қалу. **Дене тәрбиесі** Көңілді старттар Өткен жаттығуларды бекіту. Балалардың қимыл белсенділігін арттыру, командалық рух қалыптастыру. I.Кіріспе бөлім (5 минут) Сапқа тұру. Жай жүріс, жүгіру. Тыныс алу жаттығулары. II. Жалпы дамытушы жаттығулар (8–10 минут) 1. Саусақ жаттығулары. 2. Қол айналдыру. 3. Бұрылу. 4. Еңкею. 5. Орнында секіру. III. Негізгі қимыл Бір-бірден сапқа тұру. Шеңберге тұру. Оңға, солға бұрылу. IV. Қимылды ойын: «Көңілді старттар» Командалық әрекетті дамыту. **Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді.	*үкі, ғалым, ізі.* Балалар қандай дыбыс анық естілгенін айтады. Фонематикалық естуді дамыту. **Сөздік қор** Ойын 1: «Мәнерлеп оқы» Ертегіден қысқа үзіндіні кідіріс жасап, логикалық екпінмен оқу. Мысалы: «Баяғыда бір батыр болыпты…» Мазмұнына сәйкес дауыс ырғағын өзгерту. Ойын 2: «Сөзді байыт» Кейіпкерді сипаттау: батыл батыр қу түлкі мейірімді әже айбарлы хан Сипаттау сөздерін көбірек қолдану. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Ойын 1: «Сөйлемді кеңейт» Жай сөйлем: «Батыр жеңді.» Жайылма сөйлем: «Батыл батыр жауды ерлікпен жеңді.» Ойын 2: «Оқиғаны жалғастыр» Тәрбиеші бастайды: «Батыр орманға келді…» Балалар жай және жайылма сөйлемдермен жалғастырады. **Байланыстырып сөйлеу** Ойын 1: «Неге бұлай болды?» Неге батыр жеңді? Не үшін түлкі айла қолданды? Балалар себеп-салдар байланысын толық сөйлеммен

				1-кезең: Допты алып жүгіріп бару. 2-кезең: Құрсаудан өту. 3-кезең: Кедергіден айналып жүгіру. **Ережесі:** Кезек сақтау Бір-бірін итермеу Белгіден аспау Топтарды қолдап, қауіпсіздікті бақылайды. V. Ырғақтық жаттығу Музыкамен еркін би қимылдары. VI. Қорытынды бөлім (3 минут) Тыныс алу жаттығулары. Бір айлық жұмысты қорытындылау. Балаларды мадақтау.	түсіндіреді.
				Халық ертегілері әлемінде **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар халық ертегілері туралы әңгімелейді, «ертегі», «кейіпкер», «жақсы», «жаман» сөздерін анық, дұрыс айтады. **Ойын: «Ертегі сөздері»** Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар қай сөз ертегіге қатысты екенін айтып, дұрыс дикциямен қайталайды. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар таныс ертегі мазмұнын ретімен айтуға тырысады. **Ойын: «Ертегіні жалғастыр»** Тәрбиеші ертегінің басын айтады, балалар бір-бір сөйлемнен қосып, оқиғаны жалғастырады. **Көркем әдебиет** Балалар халық ертегісін тыңдайды. **Ойын: «Кейіпкерді тап»** Тәрбиеші кейіпкердің әрекетін сипаттайды,	Сиқырлы ертегілер **Коммуникативтік дағды Тіл дамыту** Балалар сиқырлы ертегілер туралы әңгімелейді, «сиқырлы», «батыр», «дос» сөздерін анық айтады. **Ойын: «Сиқырлы сөз»** Тәрбиеші сөз айтады, балалар оны сиқырлы дауыс ырғағымен қайталайды. **Байланыстырып сөйлеу** Балалар ойдан ертегі құрастырады. **Ойын: «Мен ертегіші боламын»** Әр бала бір сөйлемнен қосып, жаңа ертегі ойлап табады. **Көркем әдебиет** Балалар қысқа сиқырлы ертегіні

				балалар қай кейіпкер екенін табады. **Қазақ тілі** Балалар сөйлемдерді интонациямен айтады, ө, ү, ұ, қ, ғ дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға жаттығады. **Ойын: «Қалай айтамыз?»** Балалар бір сөйлемді қуанышты, ренішті, таңғалған көңіл күймен айтып көреді. **Математика негіздері** Балалар ертегі кейіпкерлерінен құралған жиынды қарайды. **Ойын: «Қанша кейіпкер?»** Балалар кейіпкерлерді санайды, жұптайды, «нешінші?» сұрағына жауап береді.	тыңдайды. **Ойын: «Не болды?»** Балалар ертегіде не болғанын ретімен айтып береді. **Қазақ тілі** Балалар сөйлемдерді анық, мәнерлеп айтады. **Ойын: «Дұрыс айт»** Тәрбиеші қате айтылған сөзді айтады, балалар дұрысын табады. **Математика негіздері** Балалар ертегі заттарын санайды. **Ойын: «Сиқырлы сандар»** Балалар заттарды санап, жұптайды, реттік санды атайды.
Екінші таңғы ас	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Бата:** Асың,асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа. Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсы!Әумин **Адал азамат біртұтас тәрбие**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен				**Көктемгі еңбек** **Бақылау:** Ересектердің аула тазалап жатқанын бақылау. **Дербес әрекет:** Құрал атауларын айту. **Еңбек:** Алаң тазалау.	**Бақылау:** Көктем белгілерін қайталау. **Дербес әрекет:** Көктем туралы толық әңгіме құрастыру. **Еңбек:** Ойын алаңын толық ретке келтіру. **Қимылды ойын – «Көктем эстафетасы»** Балалар екі топқа бөлінеді. Белгіленген

				Қимылды ойын – «Бағбандар» Балалар қазу, суару қимылдарын көрсетеді. Белгі бойынша орын ауыстырады.	жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады. Келесі балаға кезек береді. Мақсаты: ұйымшылдық, жылдамдық.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотериканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту.(тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті				**Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар ертегідегі жақсы мен жаман әрекеттерді ажыратады. **Ойын: «Жақсы жаман»** Балалар кейіпкердің әрекетін тыңдап, оның	**Қоршаған әлеммен таныстыру** Балалар достық, көмектесу туралы әңгімелейді. **Ойын: «Досқа көмектес»** Балалар кейіпкерге қалай

				жақсы немесе жаман екенін айтады. **Сурет салу** Балалар ертегідегі сүйікті кейіпкерін салады. **Ойын: «Кейіпкерді сал»** Әр бала салған кейіпкерін таныстырып айтып береді. **Жапсыру** Балалар ертегі кейіпкерлерін қағаздан жапсырады. **Ойын: «Ертегі құрастыр»** Балалар жапсырған кейіпкерлерді орналастырып, шағын көрініс жасайды. **Құрастыру** Балалар ертегіге арналған үй немесе орман құрастырады. **Ойын: «Ертегі мекені»** Балалар бірігіп кейіпкерлер қайда тұратынын орналастырады. **Мүсіндеу** Балалар ертегі кейіпкерін мүсіндейді. **Ойын: «Ертегі кейіпкері»** Балалар мүсінін көрсетіп, оның қандай кейіпкер екенін айтады. **Зерттеу:**“Дәм сезу” Мақсаты: Дәм түрлерін ажырату Құралдар: Тәтті, тұзды, қышқыл Барысы: Балалар байқап көреді Қорытынды: Дәмдер әртүрлі болады	көмектесуге болатынын айтады. **Сурет салу** Балалар сиқырлы ертегі көрінісін салады. **Ойын: «Сиқырлы сурет»** Балалар суретінде не сиқырлы екенін айтып береді. **Жапсыру** Балалар жұлдыз, таяқша, тәж сияқты сиқырлы заттарды жапсырады. **Ойын: «Сиқырлы зат»** Балалар жапсырған затының не істейтінін ойлап айтады. **Құрастыру** Балалар сиқырлы сарай немесе орман құрастырады. **Ойын: «Сиқырлы әлем»** Балалар кейіпкерлерді өздері жасаған ортаға орналастырады. **Мүсіндеу** Балалар батыр немесе сиқырлы кейіпкер мүсіндейді. **Ойын: «Ертегі батыры»** Балалар ертегі кейіпкерін мүсіндейді. Тәрбиешінің көмегімен кейіпкердің жақсы ісін 1–2 сөзбен атайды (жақсы, көмектесті, батыр). **Сюжеттік ойын:** “Өрт сөндіруші” Мақсаты: Батылдық пен жылдам әрекет етуге тәрбиелеу. Ойын шарты: “Өрт шықты” деген белгі бойынша балалар өртті сөндіреді.

Балалармен жеке жұмыс				**Бағыты:** Көркем әдебиет **Жұмыс:** Қысқа тақпақты мәнерлеп айту. **Нәтиже:** Дауыс ырғағын сақтайды.	**Бағыты:** Қорытындылау **Жұмыс:** Сурет бойынша әңгіме құрастырып, сұрақтарға жауап беру. **Нәтиже:** Өз ойын еркін жеткізеді.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен				«Кім епті?» **Шарты:** Кедергілер арасынан жүгіріп өту.	«Наурызға дайындық» **Шарты:** Балалар шеңбер жасап, белгі бойынша көктем белгілерін қимылмен көрсетеді (жел, күн, су).
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тексерді: Әдіскер:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Балапан» ересек тобы
Жоспардың құрылу кезеңі: (30.03.26.-03.04.26ж) 1-апта
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету
Апта дәйексөзі: «Еңбекпен ер көгерер.» **Адал азамат біртұтас тәрбие**
Тәрбиешілер:Ш.Т.Рустемова, И.М.Заданова

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 30.03.2026 ж**	**Сейсенбі 31.03.2026 ж**	**Сәрсенбі 01.04.2026 ж**	**Бейсенбі 02.04.2026ж**	**Жұма 03.04.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	**Құқықтық сауаттылық** «Балабақшадағы ережелер» Тәрбиеші: «Біз балабақшадамыз. Қалай дұрыс әрекет жасаймыз?» Балалар рөлге енеді: біреуі ойыншық алады біреуі кезек күтеді біреуі рұқсат сұрайды Тәрбиеші жағдаят береді: «Ойыншықты тартып алды» «Кезексіз сөйледі» Балалар дұрыс/бұрыс екенін айтып, түзетеді.	**Қаржылық сауаттылық** «Дүкенде» Балалар: сатушы сатып алушы болады Сатып алушы: «Маған нан беріңізші» ақша береді Сатушы: зат береді ақшаны санайды Тәрбиеші сұрайды: «Ақша жетті ме?» «Нені таңдадың?»	**Адалдық әліппесі** «Адал дос» Тәрбиеші жағдаят айтады: «Сен ойыншық таптың» «Сен қателестің» Балалар жауап береді: «Мен иесіне беремін» «Мен шындықты айтамын» Рөлдік көрініс жасайды.	**Ерте кәсіптік бағдар** Сюжеттік ойын: «Мамандықтар әлемі» Балалар рөлдерді таңдайды: дәрігер аспаз құрылысшы Балалар әрекет жасайды: дәрігер емдейді аспаз тамақ дайындайды құрылысшы үй салады Әр бала айтады: «Мен дәрігермін»	**Сюжеттік ойын:** **«Дәрігерде»** Балалар рөлдерді таңдайды: дәрігер науқас ана Балалар әрекет жасайды: дәрігер «тыңдайды», «тексереді» «дәрі береді» науқас шағым айтады Сөздер: «Қай жерің ауырады?» «Қазір емдеймін» **Нәтиже:** Балалар қамқорлық, көмектесу дағдыларын меңгереді.
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту.Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну»** **Бата:** Асың,асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа. Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсы!Әумин **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта және кезекпен), төмен түсіру. Қолдарын арқасына апару, белге және кеуде тұсына қою. Қолдарды алға-артқа сермеу. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, оның астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Екі аяқты кезекпен алға қою (алдымен өкше, содан кейін аяқ ұшымен). Қатарынан 4–5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып отырып-тұру. **Негізгі қимылдар** Сызықтардың арасымен (15 см) жүру көктемгі соқпақпен жүргендей Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру көпірден өткен сияқты Қолды екі жаққа созып жүру құстар сияқты тепе-		**Музыка** **Музыка тыңдау:** Ән иллюстрациялармен және қимылдармен сүйемелденіп тыңдатылады. Домбырамен орындалған күй тыңдатылады. Музыканың сипатын ажыратады. Музыкаға зейін қояды. Күй мен әннің айырмашылығын сезінеді. Әуеннің көңілді немесе баяу екенін анықтайды. Музыка арқылы өз әсерін білдіреді. **Ән айту:** Тәрбиеші көмегімен ән айту. Әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Қарапайым қимылдармен айту. Әуенге сәйкес дұрыс айтуға тырысады. Дауыс ырғағын сақтауға үйренеді. Сөздерді анық айтуға дағдыланады. Топпен бірге ән айтуға қатысады.	**Музыка** **Музыка тыңдау:** Домбырамен орындалған ән тыңдатылады. Иллюстрациямен сәйкестендіреді. Музыкаға зейін қояды. Әуеннің сипатын (көңілді, баяу) ажыратады. Домбыра дыбысын тануға тырысады. Музыка арқылы өз әсерін білдіреді. **Ән айту:** Сүйемелдеумен ән айту. Әнді созып айтуға тырысады. Әнді дұрыс бастап, бірге аяқтайды. Дауыс ырғағын сақтауға үйренеді. Сөздерді анық айтуға дағдыланады. Әуенге сәйкес айтуға тырысады. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыка ырғағына сай секіру. Қимылды музыкамен үйлестіру. Музыка ырғағына	**Қазақ тілі** **«Төрт түлік мал»** **Тілдік дамытушы орта** Ойын 1: «Өз ойыңды дәлелде» Балаларға сұрақ қойылады: «Төрт түлік мал не үшін қажет?» Балалар толық, жайылма сөйлеммен жауап береді: «Менің ойымша, сиыр адамға пайдалы, өйткені ол сүт береді». Балалар сөйлеу барысында дауыс ырғағын (интонация) дұрыс қолдануға жаттығады. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** «Қ, Ғ дыбыстары» Қой, қымыз, қозы, жылқы сөздерін анық айту. Ғ дыбысы: саға, шағала (дыбысты дұрыс айтуға жаттықтыру).**Сөздік қор**«Ертегі тыңда және айт» Тәрбиеші төрт түлік туралы қысқа ертегі оқиды. Балалар мазмұнын айтып береді. **Грамматикалық құрылым**«Жай сөйлемді кеңейт»

	теңдік сақтау **Ырғақтық жаттығулар** Музыкамен таныс қимылдарды орындау көктемгі көңілді әуенмен қозғалу Қимылды музыка ырғағына сай үйлестіру **Қимылды ойындар:** **«Тепе-теңдікті сақта»** Балалар сызық бойымен немесе тақтай үстімен жүріп тепе-теңдікті сақтайды Кім құламай дұрыс өтсе сол жеңімпаз болады Ойын көктемгі серуен ретінде ұйымдастырылады		**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыка ырғағына сәйкес секіру. Баяу және жылдам қозғалысты ажырату. Музыка ырғағына сай қимылын өзгерту. Тәрбиешінің қимылдарын қайталау. Қарапайым би және ойын қимылдарын орындау. Қимыл арқылы музыка сипатын жеткізу. **Балалар аспаптарында ойнау:** Металлофонда біркелкі соғу. Ырғақты сақтауға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратады. Аспапты дұрыс ұстауға дағдыланады. Музыка ырғағына сәйкес ойнайды. Топпен бірге ойнауға қатысады. **Билер:** Көңілді музыкаға қарапайым би қимылдарын орындау. Музыка ырғағына сай қозғалу. Қимылдарды үйлестіріп орындауға тырысады. Қарапайым би элементтерін біріктіреді. Қимыл арқылы көңіл	сәйкес қозғалу. Қимылдарды үйлестіріп орындауға тырысады. Тәрбиешінің қимылдарын қайталайды. **Балалар аспаптарында ойнау:** Металлофонда қарапайым әуен ойнау. Ырғақты сақтауға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратады. Аспапты дұрыс ұстауға дағдыланады. Музыка ырғағына сәйкес ойнайды. **Билер:** Атрибуттармен би қимылдарын орындау. Музыка ырғағына сай қозғалу. Қимылдарды еркін орындауға тырысады. Қарапайым би элементтерін біріктіреді. Қимыл арқылы көңіл күйін білдіреді.**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды алға жан-жаққа жоғары көтеру және түсіру көктемгі күнге созылу Қолдарды арқасына апару денені тік ұстау Қолды алға-артқа сермеу құстардың ұшуын бейнелеу	Сиыр жайылады → Сиыр далада жайылады → Ақ сиыр кең далада жайылып жүр. **Байланыстырып сөйлеу** «Әңгіме құрастыр» Балалар 4–5 сөйлеммен әңгіме құрайды.

			күйін білдіреді.**Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды әртүрлі бағытта көтеру және түсіру көктемгі күнге созылу Қолды белге кеудеге қою дұрыс қалып сақтау Қолды алға-артқа сермеу құстардың қозғалысын бейнелеу Тізерлеп отырып допты домалату жермен ойнағандай қозғалу Аяқты кезекпен көтеру көктемгі қадам жасау Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл **Негізгі қимылдар** Арқан бойымен жүру жіңішке соқпақпен жүргендей Заттардан аттап өту шалшықтарды айналып өткен сияқты Басқа қапшық қойып жүру тепе-теңдікті сақтап қозғалу **Ырғақтық жаттығулар** Музыкамен қозғалу көктемгі көңілді әуенге сай қимылдау Қимылды ырғақпен үйлестіру **Қимылды ойындар: «Кедергіден өт»** Балалар әртүрлі кедергілерден өтіп қозғалады еңбектейді	Тізерлеп отырып допты айналдыру жермен ойнағандай қозғалу Аяқты көтеру және затты беру көктемгі ойын әрекеті Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл **Негізгі қимылдар** Аяқтың ұшымен жүгіру жеңіл әрі жұмсақ қозғалу Тізені жоғары көтеріп жүгіру белсенді қадам жасау Шеңбер бойымен және «жыланша» жүгіру көктемгі соқпақпен қозғалу **Ырғақтық жаттығулар** Музыкамен жүгіру көктемгі көңілді әуенмен қимылдау Қозғалысты ырғаққа сәйкестендіру **Қимылды ойындар: «Жыланша»** Балалар бірінің артынан бірі тізіліп жыланша қозғалады бағытты өзгертіп жүреді Ұйымшылдық пен ептілік дамиды	

			аттайды айналады Көктемгі саяхат ретінде ұйымдастырылады Жылдам әрі дұрыс орындаған балалар мадақталады		
	Апталық дәйексөз **«Малды баққанға бітеді.»** Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту «Үй жануарлары»** Балаларды үй жануарларының атауларымен таныстыру (сиыр, жылқы, қой, ешкі). Жануарлардың төлдерін атау (бұзау, құлын, қозы, лақ). Балалардың сөздік қорын кеңейту, белгілі дыбыстан басталатын сөздерді тыңдап ажырату. Жануарлардың ерекшеліктерін сипаттап айту, сөйлем құрастыруға дағдыландыру (сұрақ-жауап, әңгімелесу, «Миға шабуыл», TRIZ «Егер жануарлар сөйлей алса…», дидактикалық ойын). **Көркем әдебиет «Төрт түлік» өлеңі** Балаларға төрт түлік туралы өлең тыңдату, мазмұнын түсінуге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. Интонацияны сақтап мәнерлеп айтуға баулу. Кейіпкерлерге жанашырлық таныту,	Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту «Жануарлардың төлдері»** Балаларды үй жануарларының төлдерінің атауларымен таныстыру (қозы, лақ, бұзау, құлын). Төлдердің сыртқы ерекшеліктерін сипаттау, олардың қимыл-қозғалысын айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорын байыту, толық сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. Балалардың тыңдау және ажырату қабілеттерін дамыту (сұрақ-жауап, әңгімелесу, «Сиқырлы қапшық» ойыны, TRIZ «Егер төлдер сөйлей алса…», дидактикалық ойын). **Көркем әдебиет**	Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту «Жануарлардың мекені»** Балаларды үй жануарларының қайда тұратынымен таныстыру (қора, жайлау, ферма). Жануарлардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу, олардың қай жерде жайылатынын, қай жерде күтім жасалатынын айту. Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, өз ойын толық сөйлеммен жеткізуге үйрету. Жануарлардың мекенін сипаттау арқылы сөздік қорын байыту (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Ойлан-тап» ойыны, TRIZ «Егер жануарлар қорасыз қалса не болар еді?»). **Көркем әдебиет «Төлдер айтысы» ертегісі** Балаларға ертегіні тыңдату, мазмұнын	Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту «Жануарлардың қимылы»** Балаларды үй жануарларының қозғалысымен таныстыру (жүреді, жүгіреді, секіреді, шабады). Жануарлардың қимылдарын сипаттап айтуға үйрету. Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, сөздік қорын байыту. Жануарлардың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелеу (әңгімелесу, қимылды ойын, «Кім қалай қозғалады?» ойыны, TRIZ «Егер жануарлар болмаса не болар еді?»). **Көркем әдебиет «Қой мен ешкі» ертегісі** Балаларға ертегіні тыңдату, мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттерін талқылауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерін рөлге	Коммуникативтік дағды **Тіл дамыту «Менің сүйікті жануарым»** Балалардың өз ойын еркін айтуына мүмкіндік беру. Сүйікті жануары туралы әңгімелеу, оның ерекшеліктерін сипаттау. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, балалардың сөздік қорын кеңейту (әңгімелеу, «Сиқырлы микрофон» әдісі, сұрақ-жауап). **Көркем әдебиет «Төлдер достығы» ертегісі** Балаларға ертегіні тыңдату, мазмұнын айтуға үйрету. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылау, олардың достығы мен қамқорлығын түсіндіру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (мәнерлеп оқу, сахналау, рөлдік ойын). **Қазақ тілі «Жануарлар туралы диалог»** Балаларды жануарлар туралы сұрақ-жауап арқылы диалог құруға

	балалардың шығарманы дұрыс қабылдауына мүмкіндік беру (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, сахналау). **Қазақ тілі «Жануарлар қалай дыбыстайды?»** Жануарлардың дыбыстарын дұрыс айтуға, сөздерді анық айтуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ). Жай сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру (дыбыстық ойын, диалог, ойын технологиясы). Танымдық дағды **Математика негіздері «Малды санаймыз»** Балаларды 1-5 дейін санауға жаттықтыру. Жануарлардың суреттерін пайдаланып санау, «барлығы қанша?», «нешінші?» сұрақтарына жауап беру. Жануарларды жұппен салыстыру, тең және тең емес топтарды анықтау (дидактикалық ойын «Кім тез санайды?», топтастыру, салыстыру).	**«Төлдер» тақпағы** Балаларға төлдер туралы тақпақты тыңдату, мазмұнын түсінуге, жатқа айтуға үйрету. Тақпақты түрлі интонациямен айтуға баулу. Кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау, балалардың есте сақтау қабілетін дамыту (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, рөлге бөліп айту). **Қазақ тілі «Төлдерді сипаттаймыз»** Балаларға төлдердің түсін, көлемін, қимылын сипаттауға үйрету. Жай сөйлемдер құрау арқылы өз ойын жеткізуге мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ) (диалог, сөздік ойын, ойын технологиясы). Танымдық дағды **Математика негіздері «Төлдерді**	түсінуге, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқын сипаттау, олардың әрекеттеріне жанашырлық таныту. Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, шығарманы дұрыс қабылдауына мүмкіндік беру (мәнерлеп оқу, сахналау, рөлдік ойын). **Қазақ тілі «Жануарлар туралы әңгіме»** Балаларды жануарлар туралы жай және жайылма сөйлемдер құрауға үйрету. Жануарлардың түсін, көлемін, қимылын сипаттау арқылы диалог құруға мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, қ, ғ). Балалардың еркін сөйлеу белсенділігін арттыру (диалог, сұрақ-жауап, ойын әдісі). **Танымдық дағды** **Математика негіздері «Жануарларды жұптаймыз»** Балаларды жануарларды жұппен қою арқылы салыстыруға үйрету. Тең және тең емес	бөліп ойнау арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (мәнерлеп оқу, сахналау, рөлдік ойын). **Қазақ тілі «Жануарларды сипаттаймыз»** Балаларды жануарлардың түсін, көлемін, қимылын сипаттауға үйрету. Сөйлем ішінде жаңа сөздерді қолдану, еркін диалог құруға мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру (сұрақ-жауап, диалог, ойын әдісі). Танымдық дағды **Математика негіздері «Пішіндерді табамыз»** Балаларды геометриялық пішіндермен таныстыру (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш). Пішіндерді жануарлардың бейнесімен байланыстыру. Пішіндерді салыстыру, топтастыру арқылы балалардың логикалық ойлауын дамыту (дидактикалық ойын «Қай пішін?»,	үйрету. Өз ойларын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Сөйлеудің анық және дұрыс болуына көңіл бөлу (диалог, ойын әдісі). Танымдық дағды **Математика негіздері «1–5 дейін санау»** Балаларды 1–5 дейін тура және кері санауға жаттықтыру. Жануарлардың суреттерін пайдаланып санау, салыстыру. «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беру (дидактикалық ойын «Санап көр», топтастыру). **Қоршаған әлеммен таныстыру «Жануарларға қамқорлық»** Жануарларға күтім жасау, оларды қорғау туралы түсінік беру. Жануарларды ренжітпеу, оларға қамқор болу әр адамның міндеті екенін түсіндіру. Балаларға **құқықтық сауаттылық** элементтері : жануарларға дұрыс қарау, оларға зиян келтірмеу туралы түсінік қалыптастыру

		салыстыру» Балаларды заттарды салыстыруға үйрету. Үлкен-кіші, ұзын-қысқа ұғымдарын қолдану. Төлдердің суреттерін пайдаланып екі затты салыстыру, нәтижесін айту. Балалардың логикалық ойлауын дамыту (дидактикалық ойын «Қайсысы үлкен?», салыстыру, топтастыру).	топтарды анықтау, заттарды жұптау арқылы санамай салыстыру дағдыларын дамыту. Жануарлардың суреттерін пайдаланып логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру (дидактикалық ойын «Жұбын тап», топтастыру, салыстыру). **Қоршаған әлеммен таныстыру «Малға күтім жасау»** Балаларды үй жануарларына қалай күтім жасау керектігімен таныстыру. Малға жем беру, су беру, қораны тазалау сияқты жұмыстар туралы айту. Балаларға **ерте кәсіптік бағдар** элементтері: малшы, фермер, ветеринар мамандықтары туралы түсінік беру. Бұл мамандықтардың жануарларға көмектесетінін айту. Жануарларға дұрыс қарау олардың өмірін қорғау екенін түсіндіру, **құқықтық сауаттылық** элементтерін қалыптастыру (әңгімелесу, бақылау,	салыстыру, топтастыру). **Қоршаған әлеммен таныстыру «Жануарлардың қорегі»** Балаларды жануарлардың немен қоректенетінімен таныстыру. Мал бағатын адамдардың еңбегі туралы әңгімелеу. Балаларға **ерте кәсіптік бағдар** элементтерін беру: малшы, фермер, ветеринар мамандықтары туралы айту. Жануарларға қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Жануарларға дұрыс қарау олардың **құқығын қорғау**екендігін түсіндіру (әңгімелесу, бақылау, суретпен жұмыс).	(әңгімелесу, бақылау).

			суретпен жұмыс).		
Екінші таңғы ас	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Бата:** Асың,асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа. Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсы!Әумин **Адал азамат біртұтас тәрбие**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Бақылау: Көктемгі ауа райы Бақылау барысы: Тәрбиеші балаларды серуен алаңына алып шығып, айналаға назар аудартады. Күннің жылынғанын, желдің бар-жоғын бақылатады. Балалардан «күн қандай?», «жел бар ма?» деп сұрайды. Балалардың жауаптарын тыңдап, көктем мезгіліндегі ауа райының ерекшеліктерін түсіндіреді. Дербес әрекет: Балалар алаңда еркін қозғалып, жүгіреді, секіреді, доппен ойнайды, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Еңбекке баулу: Балаларды ойыншықтарды дұрыс	Бақылау: Күн Бақылау барысы: Тәрбиеші балалардың назарын күнге аударады. Күннің жарық әрі жылы екенін сезіндіреді. Балалардан «күн бізді жылыта ма?» деп сұрайды. Қолмен көзді көлегейлеп қарауды көрсетеді. Дербес әрекет: Балалар еркін қозғалып, жүгіреді, секіреді, өз қалауы бойынша ойын ұйымдастырады. Еңбекке баулу: Ойыншықтарды өз орнына қоюға дағдыландыру. Қимылды ойын атауы: «Кім жылдам» Ойын шарты: Белгі бойынша балалар белгіленген жерге дейін	Бақылау: Жел Бақылау барысы: Тәрбиеші ағаштардың, жапырақтардың қозғалуын көрсетеді. Желдің бар екенін түсіндіреді. «Жел соғып тұр ма?» деп сұрақ қояды. Дербес әрекет: Балалар еркін жүгіріп, қозғалыс ойындарын ойнайды. Еңбекке баулу: Алаңдағы жапырақтарды жинауға қатыстыру. Қимылды ойын атауы: «Жүгір де тоқта» Ойын шарты: «Жүгір» дегенде жүгіреді, «тоқта» дегенде тоқтайды.	Бақылау: Аспан және бұлт Бақылау барысы: Балаларды аспанға қаратып, бұлттардың қозғалысын бақылау. «Бұлт қайда бара жатыр?» деп сұрайды. Дербес әрекет: Доппен ойын, еркін қозғалу. Еңбекке баулу: Ойын алаңын ретке келтіру. Қимылды ойын атауы: «Допты ұста» Ойын шарты: Тәрбиеші лақтырған допты балалар ұстап алуға тырысады.	Бақылау: Құстар Бақылау барысы: Құстардың ұшуын, дыбысын тыңдатады. Балалардан «құс қалай ұшады?» деп сұрайды. Дербес әрекет: Құстарды бақылау, еркін қозғалу. Еңбекке баулу: Құстарға жем беруге қатыстыру. Қимылды ойын атауы: «Құстар ұшты» Ойын шарты: «Ұшты» дегенде балалар қолдарын көтеріп, қанат қағады.

	пайдаланып, ойнап болған соң орнына жинауға үйретеді, тәрбиешімен бірге жинайды. Қимылды ойын атауы: «Қуып жет» Ойын шарты: Балалар алаңда еркін тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша бір бала қашады, қалған балалар қуып жетуге тырысады.	жүгіріп жарысады.			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну»** **Бата:** Асың,асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа. Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсы!Әумин **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).				

сауықтыру шаралары	**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну»** **Бата:** Асың,асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа. Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсы!Әумин **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Қоршаған әлеммен таныстыру «Үй жануарларының пайдасы»** Үй жануарларының адамдарға пайдасы туралы түсінік беру. Сиырдың сүт беретіні, қойдың жүн беретіні, жылқының көлік ретінде пайдаланылатыны туралы айту. Жануарларға қамқорлық жасау қажеттігін түсіндіру (әңгімелесу, бақылау, зерттеу, суретпен жұмыс). Шығармашылық дағды **Сурет салу «Қой»** Қой бейнесін салу, түстерді дұрыс қолдану. Қойдың жүнін бейнелеуде дәстүрден тыс әдісті қолдану (мақта немесе саусақпен сурет салу). **Мүсіндеу «Қозы»** Ермексаздан қозы мүсіндеу. Домалақтау,	**Қоршаған әлеммен таныстыру «Төлдер қалай өседі?»** Балаларды жануарлардың төлдерімен таныстыру, олардың қалай өсіп-жетілетінін түсіндіру. Төлдердің қорегі, күтімі туралы әңгімелеу. Жануарларға қамқорлық жасау қажеттігін түсіндіру (әңгімелесу, бақылау, суретпен жұмыс). Шығармашылық дағды **Сурет салу «Бұзау»** Балаларды бұзаудың бейнесін	**Қаржылық сауаттылық элементі «Жануарлардан алынатын өнімдер»** Балаларды жануарлардан алынатын өнімдермен таныстыру (сүт, айран, қымыз, жүн). Бұл өнімдердің адамдарға қажет екенін түсіндіру. Еңбек арқылы өнім алынатынын, адамдар бұл өнімдерді сатып алатынын айту. Балалардың еңбек пен нәтиже арасындағы байланысты түсінуіне мүмкіндік беру (әңгіме, ойын «Ферма өнімдері»). Шығармашылық дағды **Сурет салу «Жылқы»** Балаларды жылқының бейнесін салуға үйрету. Жылқының дене	**Қаржылық сауаттылық элементі «Мал өнімдері»** Жануарлардан алынатын өнімдер туралы айту (сүт, жүн, ет). Бұл өнімдердің адамдарға қажет екенін, оларды сатып алуға болатынын түсіндіру. Балаларға еңбек пен өнім арасындағы байланыс туралы қарапайым түсінік беру (әңгіме, ойын «Дүкен»). Шығармашылық дағды **Сурет салу «Ешкі»** Балаларды ешкінің бейнесін салуға үйрету. Түстерді дұрыс таңдауға, қылқаламды ұқыпты қолдануға дағдыландыру. Жануардың негізгі бөліктерін бейнелеу	**Қаржылық сауаттылық элементі «Ферма өнімдері»** Жануарлардан алынатын өнімдер (сүт, айран, ірімшік, жүн) туралы әңгімелеу. Бұл өнімдерді адамдар дүкеннен сатып алатынын түсіндіру. Балаларға еңбектің нәтижесі өнім болатынын түсіндіру (ойын «Ферма дүкені»). **Ерте кәсіптік бағдар «Фермер мамандығы»** Балаларды фермер, малшы, ветеринар мамандықтарымен таныстыру. Бұл мамандықтардың жануарларға қамқорлық жасайтынын айту (әңгіме, суретпен жұмыс). Шығармашылық дағды **Сурет салу**

Апта дәйексөзі:«Бірлік бар жерде – шаттық бар.» **Адал азамат біртұтас тәрбие**
Тәрбиешілер:Ш.Т.Рустемова, И.М.Заданова

Күн тәртібіңің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі** **12.05.2026 ж**	**Сәрсенбі** **13.05.2026 ж**	**Бейсенбі** **14.05.2026 ж**	**Жұма** **15.05.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		«Кім не істейді» Шарты: Балаларға әр түрлі әрекеттер айтылады Олар қай мамандыққа қатысты екенін табады **Ерте кәсіптік бағдар беру**	«Жақсы мен жаман» Шарты: Тәрбиеші әр түрлі жағдаяттарды айтады Балалар жақсы және жаман әрекеттерді ажыратып дұрыс жауапты таңдайды өз ойларын түсіндіреді **Біртұтас тәрбие**	«Қимылды қайтала» Шарты: Тәрбиеші әр түрлі қимылдарды көрсетеді Балалар сол қимылдарды қайталап орындайды Қимыл әрекеті	«Заттарды тап» Шарты: Тәрбиеші заттардың атауын айтады Балалар сол заттарды тауып көрсетеді Танымдық әрекет
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту.Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			**Музыка** **Музыка тыңдау:** Көңілді күй тыңдатылады. Балалар музыка қарқынын, көңіл күйін иллюстрациялармен салыстырады. **Ән айту:**	**Музыка** **Музыка тыңдау:** Ән мен күйді салыстыра тыңдау. Балалар айырмашылығын анықтайды. **Ән айту:** Әнді сүйемелдеусіз орындау. Таза дыбыстауға көңіл бөлу.	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** **«Дыбыстарды анық айтамыз»** Артикуляциялық аппаратты дамыту, қазақ тіліне тән қ, ғ, ұ дыбыстарын анық әрі

			Әнді мәнерлеп айту, дыбысты созу, қимылмен үйлестіру. Ән мазмұнын түсініп орындау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыкаға сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру (жай, жылдам). Қимылдарды музыкаға дәл келтіру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Металлофонда қарапайым әуенді қайталау. **Билер:** Ленталармен би қимылдарын орындау, қозғалысты әсем жеткізу. **Ойын:** «Қарқынды сез» – музыка өзгергенде балалар қимыл қарқынын өзгертеді (жылдам/баяу).**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Екі қолды белге қойып отырып-тұру, қолды жан-жаққа созу арқылы аяқ, арқа және иық бұлшық еттерін дамыту. **Негізгі қимылдар** Заттардан кезекпен аттап өту арқылы ептілік, үйлесімділік және қозғалыс дәлдігін	**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Сахналау элементтері арқылы ән мазмұнын көрсету. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Металлофонмен ырғақты сүйемелдеу. **Билер:** Музыка сипатына сәйкес жұптық би орындау. **Ойын:** «Қай музыка?» – тыңдалған әуеннің ән бе, күй ме екенін ажырату. **Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды артқа апару, төмен түсіру, иықты қозғалтатын жаттығулар орындау арқылы арқа және иық бұлшық еттерін дамыту. **Негізгі қимылдар** «Жыланша» жүгіру арқылы бағытты өзгертіп қозғалу, ептілік пен жылдамдықты жетілдіру. **Қимылды ойындар** Құрсау және секіргішпен ойындар ойнау, құрсауды айналдыру, секіргішпен секіру арқылы қимыл белсенділігін арттыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**	дұрыс айтуға үйрету. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Қ, ғ, ұ дыбыстарын жеке және сөз ішінде анық айтуға жаттықтыру. **Сөздік қор** Ертегі тыңдау арқылы балалардың сөздік қорын байыту. Тыңдаған ертегінің мазмұнын түсініп, негізгі кейіпкерлер мен оқиғаны ажыратуға үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Жай сөйлемдерді дұрыс құрастыруға үйрету. Сөздерді дұрыс байланыстырып, толық және түсінікті сөйлемдер айту дағдыларын қалыптастыру. **Байланыстырып сөйлеу** Сұрақтарға толық әрі нақты жауап беруге үйрету. Өз ойын жүйелі жеткізіп, сөйлемдерді байланыстырып айту дағдыларын дамыту. **Әдіс-тәсілдер** Жаттығу, қайталау, сұрақ-жауап, үлгі көрсету әдістерін қолдану. Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау.

			қалыптастыру. **Қимылды ойындар** Жетекші рөлмен ойындар ұйымдастыру, балалардың біреуі жетекші болып, басқалары оның қимылын қайталау арқылы белсенділікті арттыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, жеңіл дене жаттығулары арқылы денсаулықты нығайту. **Тыныс алу жаттығулары** Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару, терең тыныс алу, баяу дем шығару арқылы тыныс алу жүйесін дамыту	Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, денені жеңіл жаттығулармен шынықтыру арқылы денсаулықты нығайту. **Жалаң аяқ жүру** Жалаң аяқ әртүрлі беткейде жүру арқылы табан бұлшық еттерін нығайту және ағзаны шынықтыру.	**Тапсырмалар** Берілген дыбыстарды қайталап айту және сөз ішінде қолдану. Ертегі бойынша сұрақтарға жауап беру. Қарапайым сөйлемдер құрастыру. **Ойын: «Дұрыс айт»** Тәрбиеші қ, ғ, ұ дыбыстары бар сөздерді айтады, балалар сол сөздерді анық әрі дұрыс қайталайды. Дыбыстарды дұрыс айтуға ерекше көңіл бөлінеді. Ойын арқылы балалардың сөйлеу дағдылары жетілдіріледі.
		Апталық дәйексөз «Бірлік бар жерде – шаттық бар.» **Адал азамат біртұтас тәрбие** **Тіл дамыту «Батырлар әлемі»** Балаларды батырлық, ерлік ұғымдарымен таныстыру (батыр, сарбаз, қорғаушы). Сөздік қорын «батыл», «ержүрек», «қорғау», «Отан» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстан басталатын сөздерді	**Тіл дамыту «Батыл бала»** Балаларды батылдыққа, өзіне сенімді болуға тәрбиелеу. Батыл баланың іс-әрекеттерін сипаттау (қорықпайды, көмектеседі, қорғайды). Сөздік қорын «батыл», «ержүрек», «қорықпайды», «көмектеседі» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстан басталатын сөздерді ажырату («б» дыбысы: батыл, бала). Антоним сөздерді қолдану (батыл–	**Тіл дамыту «Біз қорғаушылармыз»** Балаларды Отанды қорғау ұғымымен таныстыру, батырлық пен жауапкершілік туралы түсінік қалыптастыру. Сөздік қорын «Отан», «қорғау», «батыр», «ержүрек» сөздерімен байыту. Белгілі дыбыстарды ажырату («б», «қ» дыбыстары: батыр, қорғау). Антоним сөздерді қолдану (батыр–қорқақ, күшті–әлсіз). Сөйлем құрау, әңгіме айту	**Тіл дамыту «Батырлар мерекесі»** Балаларды өз ойларын еркін айтуға, әңгіме құрауға және сахналауға үйрету. Батырлық, ерлік туралы түсініктерін бекіту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіру. Сөздік қорын «батыр», «ерлік», «қорғау» сөздерімен толықтыру. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, сахналау ойыны

		ажырату («б» дыбысы: батыр, батыл). Сөйлем құрау дағдыларын дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», TRIZ «Егер батыр болмаса не болар еді?») **Көркем әдебиет «Батыр туралы өлең»** Балаларға батырлық туралы қысқа өлең тыңдату. Мазмұнын түсіну, жатқа айту, мәнерлеп айту. (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, рөлдік оқу) **Қазақ тілі «Батырды сипаттаймыз»** Балаларды батырды сипаттауға үйрету (батыл, күшті, мықты). Қазақ тілі дыбыстарын дұрыс айту. Жай сөйлемдер құрау, диалог дамыту. (диалог, сөздік ойын) **Математика негіздері «Сарбаздарды санаймыз»** 1–5 дейін санау. «Барлығы қанша?»	қорқақ, күшті–әлсіз). Сөйлем құрау және өз ойын толық жеткізу дағдыларын дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», «Қимылды қайтала», TRIZ «Егер сен батыр болсаң не істер едің?») **Көркем әдебиет «Батыр туралы өлеңді қайталау»** Балаларға өткен өлеңді қайталап айтқызу. Өлең мазмұнын түсіну, жатқа айту, мәнерлеп айтуға үйрету. Интонация, үзіліс, логикалық екпінді дұрыс қолдану. (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, «Кім дұрыс айтады?») **Қазақ тілі «Мен батылмын»** Балаларды өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын «батыл», «қорғаймын», «көмектесемін» сөздерімен толықтыру. Диалог құру дағдыларын дамыту. (диалог, сөздік ойын, «Сұрақ қой – жауап бер»	дағдыларын дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», «Әңгіме құрастыр» ойыны, TRIZ «Егер сен қорғаушы болсаң не істер едің?») **Көркем әдебиет «Батырлар туралы шығарманы мазмұндау»** Балаларды тыңдалған шығарманың мазмұнын ретімен айтуға үйрету. Кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау, жақсы мен жаманды ажырату, жанашырлық таныту. (мазмұндау, сұрақ-жауап, «Кім не істеді?» ойыны) **Қазақ тілі «Біз Отанды қорғаймыз»** Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын «қорғаймын», «батырмын», «көмектесемін» сөздерімен толықтыру. (диалог, сөздік ойын, «Сөйлеп көр» ойыны) **Математика негіздері «Салыстырамыз және**	«Батырлар көрінісі») **Көркем әдебиет «Өленді мәнерлеп айту»** Балаларды өленді жатқа, мәнерлеп айтуға үйрету. Интонация, кідіріс, логикалық екпінді дұрыс қолдану. (мәнерлеп оқу, рөлдік оқу) **Қазақ тілі «Батыр туралы әңгіме»** Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту. (диалог, сөздік ойын) **Математика негіздері «Кеңістікте бағдарлау»** Балаларды кеңістік бағыттарын анықтауға үйрету (оң, сол, алда, артта, жоғары-төмен). Заттардың орналасуын сөзбен сипаттау. (дидактикалық ойын «Қай жерде тұр?», практикалық жұмыс) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Қауіпсіздік және тәртіп»**

		сұрағына жауап. Сарбаздарды жұппен салыстыру (тең/тең емес). («Санап көр», салыстыру) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Отан қорғаушылар»** Балаларды әскери мамандықтармен таныстыру (сарбаз, ұшқыш, теңізші). Отанды қорғау – әр азаматтың міндеті екенін түсіндіру. (әңгімелесу, бақылау)	ойыны) **Математика негіздері «Сарбаздар сапта»** Балаларды 1–5 дейін санауға бекіту. Реттік санау (бірінші, екінші). «Нешінші?» және «Барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беру. Сарбаздарды қатарға қойып салыстыру (тең/тең емес). (дидактикалық ойын «Нешінші тұр?», «Санап көр», салыстыру, топтастыру) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Қауіпсіздік ережелері»** Балаларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру (өрттен сақтану, электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау). Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауға үйрету. (әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық ойын «Қауіпсіз бе?») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды құтқарушы, өрт сөндіруші мамандықтарымен таныстыру. Бұл мамандықтардың	**пішіндерді танимыз»** Балаларды заттарды ұзындығы, ені, биіктігі бойынша салыстыруға үйрету (ұзын-қысқа, биік-аласа). Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) ажырату, көру және сипап сезу арқылы зерттеу. Салыстыру нәтижелерін сөзбен айтуға үйрету. (дидактикалық ойын «Қайсысы ұзын?», «Пішінді тап», практикалық жұмыс) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Табиғатты қорғаймыз»** Балаларды табиғатты қорғауға, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға үйрету. Қарапайым экологиялық ережелерді сақтау (қоқыс тастамау, өсімдікті жұлмау). Табиғатқа ұқыпты қарау – әр адамның міндеті екенін түсіндіру. (әңгімелесу, бақылау, тәжірибе, ойын «Табиғатты қорға») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды еңбек түрлерімен таныстыру. Әр адамның	Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету (электр құралдары, сіріңке, жолда жүру). Қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау. (әңгімелесу, бақылау, ойын «Қауіпсіз бе?») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балалардың мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру. (әңгімелесу, ойын «Кім болғым келеді?») **Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен»** Балаларға сатып алу-сату әрекеттерін бекіту. Ақша арқылы зат алу дағдыларын дамыту. (рөлдік ойын «Дүкен») **Сурет салу «Мерекелік сурет»** Балаларды мерекелік көріністі бейнелеуге үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру. (шығармашылық жұмыс)

			адамдарды қорғаудағы маңызын түсіндіру. Әр адамның өмір сүруге және қауіпсіздікке құқығы бар екенін ұғындыру. (әңгімелесу, ойын «Кім не істейді?»)	еңбегі маңызды екенін түсіндіру. Әр адамның қауіпсіздікке және қорғауға құқығы бар екенін ұғындыру. (әңгімелесу, ойын «Еңбек не үшін керек?»	
Екінші таңғы ас	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Бата:** Асымызға береке, Балаларға мереке. Аман болсын ата-ана, Риза болсын бар бала!Әумин **Адал азамат біртұтас тәрбие**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен		**Балалардың дербес әрекеті:** Конструктормен құрылыс жасау. Балалар әртүрлі бөлшектерді біріктіріп, үй, мұнара, жол, көпір сияқты құрылыстар жасайды. Пішіндерді сәйкестендіріп, берік құрастыруға тырысады. Бірлесіп жұмыс істеп, өз идеяларын бөліседі.	**Балалардың дербес әрекеті:** Құмнан әртүрлі пішін жасау. Балалар құмнан шар, текше, жол, қамал сияқты пішіндер құрастырады, қалыптарды қолданады. Құрғақ және дымқыл құмның айырмашылығын байқап, қайсысымен жұмыс істеу оңай екенін түсінеді. Өз бетінше және топпен ойнап, қиялы, шығармашылығы, ұсақ моторикасы дамиды.	**Балалардың дербес әрекеті:** Машинамен жолда жүру ойыны. Балалар ойыншық машиналармен жол жасап, бағдаршам, бұрылыс, тұрақ сияқты элементтерді бейнелейді. Қарапайым жол ережелерін қолданады (тоқтау, жүру, бұрылу). Бір-бірімен келісіп, рөлдерді бөліседі. Қиялы, логикалық ойлауы, қарым-қатынас дағдылары дамиды. **Бақылау,**	**Балалардың дербес әрекеті:** Доппен еркін ойнау. Балалар допты домалату, лақтыру, қағып алу, бір-біріне беру сияқты әрекеттерді өз бетінше орындайды. Жеке және топпен ойнап, қозғалыс белсенділігін арттырады. Қол-аяқ үйлесімділігі, дәлдік, ептілік дамиды, ойын барысында өзара қарым-қатынас орнайды.

		Қиялы, логикалық ойлауы, ұсақ моторикасы дамиды. **Бақылау, зерттеу:** Бұлттарды бақылау (ақ, жылжиды). Балалар аспанға қарап, бұлттардың түсін, пішінін, қозғалысын байқайды. Сұрақтар: «Бұлттар қандай?», «Олар тез қозғала ма?», «Қайда бара жатыр?» Балалар қарапайым салыстыру жасап, табиғат құбылыстарын түсіне бастайды. **Қимылды ойын:** «Жасырынбақ» – қарапайым нұсқа. Балалар белгі бойынша жасырынады, бір бала іздейді. Ойын барысында балалар кеңістікті бағдарлауға, тыныш тұруға, ережені сақтауға үйренеді. Зейіні, байқампаздығы, шапшаңдығы дамиды.	**Бақылау, зерттеу:** Желдің бағытын сезіну (жапыраққа қарап). Балалар жапырақтардың қозғалысына қарап желдің бағытын анықтайды, желдің күшін сезінеді. Сұрақтар: «Жел қай жақтан соғып тұр?», «Жапырақ қалай қозғалып жатыр?», «Жел қатты ма, әлсіз бе?» Балалар табиғат құбылыстарын бақылап, қарапайым қорытынды жасайды. **Қимылды ойын:** «Қояндар» – секіріп қозғалу. Балалар қоян сияқты қос аяқпен секіріп, белгіленген бағытта қозғалады. Ойын барысында тепе-теңдік сақтау, шапшаңдық, ептілік дамиды. Белгі бойынша тоқтап, қайта жалғастыруға үйренеді. **Спорттық ойын:** Қысқа қашықтыққа жүгіру. Балалар белгіленген арақашықтыққа жылдам жүгіріп өтеді. Жылдамдық, төзімділік, қозғалыс үйлесімділігі дамиды. Жаттығу кезінде қауіпсіздік сақталып, арақашықтықты дұрыс ұстауға үйренеді.	**зерттеу:** Гүлдердің ашылуын бақылау. Балалар гүлдердің қалай ашылатынын, түсін, пішінін, иісін байқайды. Уақыт өте келе өзгерістерін салыстырады. Сұрақтар: «Гүл қандай түсті?», «Қашан ашылады?», «Күн шыққанда не өзгереді?» Балалар табиғаттағы өзгерістерді түсініп, өсімдіктерге қамқорлық жасау қажеттігін ұғынады. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?» – белгі бойынша жүгіру. Балалар белгі берілгенде жылдам жүгіріп, межеге бірінші жетуге тырысады. Ойын барысында шапшаңдық, ептілік, зейін дамиды. Ережені сақтап, қауіпсіздікке мән береді. **Спорттық ойын:** Орнында қос аяқпен секіру. Балалар екі аяқпен бір орында секіреді, тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Аяқ бұлшықеттері, қозғалыс үйлесімділігі дамиды. Жаттығуды дұрыс орындауға үйренеді. **Еңбекке баулу:** Гүлдерді суару. Балалар гүлдерге су құю тәртібін сақтайды, өсімдіктерді күтіп-баптауға қатысады. Табиғатқа деген	**Бақылау, зерттеу:** Құмның құрғақ және ылғал күйін салыстыру. Балалар құмды қолмен ұстап көріп, оның қасиеттерін байқайды: құрғақ құм шашылады, ал ылғал құм жабысып, пішін жасауға ыңғайлы болады. Сұрақтар: «Қай құммен ойнау оңай?», «Қайсысы жақсы жабысады?» Балалар тәжірибе арқылы қарапайым қорытынды жасайды. **Қимылды ойын:** «Қасқыр мен қоян». Бір бала «қасқыр», қалғандары «қоян» болады. Қояндар белгі бойынша жүгіріп, қасқырдан қашады. Ойын барысында шапшаңдық, ептілік, бағытты тез өзгерту қабілеті дамиды. Балалар ережені сақтап, қауіпсіз ойнауға үйренеді. **Спорттық ойын:** Допты аяқпен тебу. Балалар допты аяқпен бағыттап тебуді, оны дәл жеткізуді үйренеді. Қозғалыс үйлесімділігі, аяқ бұлшықеттері, тепе-

		Спорттық ойын: Допты жоғары лақтыру. Балалар допты жоғары лақтырып, оның түсуін бақылап, қайта ұстауға тырысады. Қозғалыс үйлесімділігі, қол икемділігі, көз мөлшері дамиды. Жаттығу қауіпсіздік сақтай отырып орындалады. **Еңбекке баулу:** Құралдарды орнына қою. Балалар ойыннан кейін құралдарды жинап, өз орындарына қояды. Тәртіп сақтауға, ұқыптылыққа дағдыланады. Еңбектің нәтижесін бағалап, жауапкершілік сезімі қалыптасады.	**Еңбекке баулу:** Қоқыс жинау. Балалар алаңдағы ұсақ қоқыстарды жинап, арнайы орынға тастайды. Тазалық сақтау, табиғатты қорғау туралы түсініктері қалыптасады. Ұқыптылыққа, жауапкершілікке, бірлесіп еңбек етуге тәрбиеленеді.	сүйіспеншілігі артып, жауапкершілік, ұқыптылық дағдылары қалыптасады.	теңдік дамиды. Жаттығу кезінде арақашықтық сақталып, қауіпсіздік ережелері орындалады. **Еңбекке баулу:** Алаңды тазалау. Балалар алаңдағы қоқыстарды жинап, белгіленген орынға апарады. Тазалық сақтаудың маңызын түсінеді, табиғатты қорғауға үйренеді. Ұқыптылыққа, жауапкершілікке, бірлесіп еңбек етуге тәрбиеленеді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу,қолды дұрыс сүрту,көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи				

	ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін,өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотормканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту. (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Балалардың дербес іс-әрекеті		**Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Әскери мамандықтар туралы түсінік беру. Әр адамның өз елін қорғауға құқығы мен міндеті бар екенін түсіндіру. (әңгімелесу, ойын) **Қаржылық сауаттылық элементі «Әскери киімдер дүкені»**	**Қаржылық сауаттылық элементі «Әскери дүкен»** Балаларға әскери киімдер мен құралдардың дүкенде сатылатынын түсіндіру. Еңбек нәтижесінде пайда болатын заттарды сатып алу әрекетін көрсету. (рөлдік ойын «Дүкен») **Сурет салу «Батыр бала»** Балаларды батыр баланың	**Қаржылық сауаттылық элементі «Еңбек – табыс көзі»** Балаларға еңбек арқылы табыс табылатынын түсіндіру. Еңбек нәтижесінде заттар жасалатынын көрсету. (әңгімелесу, ойын «Не үшін еңбек етеміз?») **Сурет салу «Табиғатты**	**Мүсіндеу «Батыр»** Балаларды батыр бейнесін мүсіндеуге үйрету. Әртүрлі бөліктерді біріктіру. (практикалық жұмыс) **Жапсыру «Ортақ жұмыс»** Балаларды ұжымдық жұмысқа баулу.

		Заттардың еңбек нәтижесі екенін түсіндіру. Сатып алу-сату әрекеттерін ойын арқылы көрсету. (рөлдік ойын «Дүкен») **Сурет салу «Әскери техника»** Әскери көліктерді бейнелеу, түстерді қолдану. **Мүсіндеу «Сарбаз»** Ермексаздан сарбаз жасау. **Жапсыру «Ту»** Ту бейнесін құрастыру. **Құрастыру «Әскери база»** Құрылыс материалдарынан база жасау.	бейнесін салуға үйрету. Түрлі түстерді қолдану, бояуларды үйлестіру. (дәстүрден тыс әдіс, шығармашылық жұмыс) **Мүсіндеу «Қалқан»** Балаларды ермексаздан қалқан жасауға үйрету. Домалақтау, қысу, тегістеу әдістерін қолдану. (практикалық жұмыс) **Жапсыру «Медаль»** Балаларды медаль жасауға үйрету. Элементтердің ретін сақтап, композиция құру. (үлгі бойынша жұмыс) **Құрастыру «Қорған»** Балаларды құрылыс материалдарынан қорған жасауға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру. (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын) **Вариативтік компонент** (маман жоспарымен)	**қорғаймыз»** Балаларды табиғатты қорғау тақырыбында сурет салуға үйрету. Түрлі түстерді үйлестіру, бояуларды араластыру арқылы жаңа реңктер шығару. (дәстүрден тыс әдіс, шығармашылық жұмыс) **Мүсіндеу «Табиғат бұрышы»** Балаларды табиғат элементтерін (ағаш, гүл, шөп) мүсіндеуге үйрету. Домалақтау, созу, біріктіру әдістерін қолдану. (практикалық жұмыс) **Жапсыру «Ұжымдық композиция»** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға үйрету. Элементтердің ретін сақтап, композиция құрастыру. (үлгі бойынша жұмыс, топтық жұмыс) **Құрастыру «Табиғи материалдардан құрастыру»** Балаларды табиғи материалдардан (жапырақ, дән, қағаз) құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру.	Композиция құру. (топтық жұмыс) **Құрастыру «Әскери қала»** Балаларды құрылыс материалдарынан қала құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру. (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын)

				(шығармашылық ойын, практикалық жұмыс)	
Балалармен жеке жұмыс		Әңгіме құрастыр Шарты: Бала сурет бойынша қысқа әңгіме құрайды	Өлең жаттау Шарты: Бала қысқа өлеңді мәнерлеп қайталап айтады	Дыбысты дұрыс айт Шарты: Бала ө қ ү ұ і ғ дыбыстары бар сөздерді анық айтады	Сұраққа жауап бер Шарты: Бала қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап береді
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен		«Түлкі мен балапандар» Шарты: Бір бала түлкі болады Қалғандары балапандар Түлкі балапандарды қуады Ұсталған бала түлкіге айналады	«Ақ серек көк серек» Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді Бір топ қарсы топтан баланы шақырады Шақырылған бала жүгіріп келіп тізбекті бұзуға тырысады	«Мысық пен тышқандар» Шарты: Бір бала мысық болады Қалғандары тышқандар Мысық тышқандарды ұстайды Ұсталған бала мысық болады	«Жалаушаны әкел» Шарты: Балалар белгі бойынша жүгіріп барып жалаушаны алып қайтуы керек
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)**				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут**				

Тәжірибеші: Бердәулетова

Ұсынас: Табиғат бұрышындағы тәжірибелерді ашып жаз

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Топ: «Балапан» ересек тобы
Жоспардың құрылу кезеңі: (18.05.26.-22.05.26ж) 3-апта
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
Оиы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы
Апта дәйексөзі: «Досың көп болса, күшің көп.»**Адал азамат біртұтас тәрбие**
Тәрбиешілер:Ш.Т.Рустемова, И.М.Заданова

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 18.052026 ж**	**Сейсенбі 19.05.2026 ж**	**Сәрсенбі 20.05.2026 ж**	**Бейсенбі 21.05.2026 ж**	**Жұма 22.05.2026 ж**
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Сұрақ жауап» Шарты: Балалар бір біріне қарапайым сұрақтар қойып толық жауап береді Коммуникативтік әрекет	«Сурет сал» Шарты: Балалар берілген тақырып бойынша сурет салып өз жұмысын әңгімелейді Бейнелеу әрекеті	«Құрастыр» Шарты: Балалар құрылыс материалдарынан өз ойымен түрлі заттар құрастырады Шығармашылық әрекет	«Тәжірибе жаса» Шарты: Балалар қарапайым тәжірибе жасап нәтижесін бақылайды және айтады Эксперименталдық әрекет	«Ойыншықтарды жина» Шарты: Балалар ойыннан кейін ойыншықтарды өз орнына жинайды Еңбек әрекеті
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту.Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. **Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері **Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату, бір аяқты жоғары көтеріп, оның астынан		**Музыка** **Музыка тыңдау:** Баяу күй тыңдалып, табиғат көріністерімен салыстырылады. Балалар қимыл арқылы жеткізеді.	**Музыка** **Музыка тыңдау:** Қазақ әнін тыңдап, мазмұнын иллюстрация арқылы анықтау. **Ән айту:** Әнді сүйемелдеумен	**Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Ертегіні түсінеміз»** Оқиғаны саралап, негізгі ойды анықтауға баулу. Тыңдау және түсіну қабілеттерін дамыту.

	затты бір қолдан екінші қолға беру арқылы үйлесімділікті жетілдіру. Екі аяқты кезекпен алға қою (алдымен өкше, кейін аяқ ұшы), тарсылдату, қатарынан 4–5 рет жартылай отырып-тұру, екі қолды белге қойып және жан-жаққа созып отырып-тұру арқылы аяқ бұлшық еттерін нығайту. **Негізгі қимылдар** Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру, басына қапшық қойып жүру арқылы дене қалпын түзу ұстау және үйлесімділікті қалыптастыру. **Қимылды ойындар** «Кім жылдам?» ойыны: балалар белгі бойынша жүгіріп, берілген нүктеге бірінші болып жетуге тырысады, жылдамдық пен ептілік дамытылады. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, жеңіл дене		**Ән айту:** Әнді қимылмен үйлестіріп, созып айту. Әуенді дұрыс жеткізу. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Жүру мен секіру қимылдарын алмастырып орындау. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Металлофонда қарапайым әуенді жеке орындау. **Билер:** Атрибуттармен (орамал) әсем қозғалыстар жасау. **Ойын:** «Қимылды тап» – музыкаға қарап қандай қимыл сәйкес келетінін анықтау**Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қимылдарды қайталау арқылы қол, аяқ және дене қозғалыстарын дұрыс орындау, бұлшық еттерді дамыту. **Негізгі қимылдар** Шашырап жүгіру,	және сүйемелдеусіз айту. Интонацияны сақтау. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Таныс әнді рөлдерге бөліп сахналау. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Металлофонда топпен орындау. **Билер:** Еркін би қозғалыстарын орындау. **Ойын:** «Рөлді тап» – балалар ән мазмұнына сәйкес рөл таңдап, қимылмен көрсетеді **Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта және кезекпен), төмен түсіру, қолды арқаға апару, белге және кеуде тұсына қою, қолдарды алға-артқа сермеу арқылы иық пен қол бұлшық еттерін дамыту. **Негізгі қимылдар** Лақтыру, домалату, қағып алу дағдыларын	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Сөйлеу қарқынын сақтап, анық әрі түсінікті сөйлеуге жаттықтыру. Сөздерді дұрыс дыбыстап, сөйлемді мәнерлеп айту дағдыларын қалыптастыру. **Сөздік қор** Көркем сөздер мен ертегіге тән сөздерді меңгерту. Жаңа сөздердің мағынасын түсініп, сөйлеу барысында қолдануға үйрету. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Жайылма сөйлемдер құрастыруға үйрету. Сөйлемді толық, мазмұнды және дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. **Байланыстырып сөйлеу** Ертегіні қысқаша әңгімелеуге үйрету. Оқиғаның негізгі бөліктерін сақтай отырып, өз сөзімен жеткізуге дағдыландыру. **Әдіс-тәсілдер** Әңгімелеу, талдау, сұрақ-жауап, бағыттау әдістерін қолдану. **Тапсырмалар** Ертегі бойынша

	жаттығулары арқылы денсаулықты нығайту. **Тыныс алу жаттығулары** Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару, терең тыныс алу, баяу дем шығару арқылы тыныс алу жүйесін дамыту.		белгі бойынша тоқтау және қайта қозғалу арқылы жылдамдық пен бағдарлау қабілетін жетілдіру. допты кедергілер арқылы екі қолмен және бір қолмен лақтыру (2 м); допты жоғары лақтырып, қатарынан 3–4 рет екі қолмен қағып алу **Қимылды ойындар** Доптармен және секіргіштермен ойын: балалар допты лақтырып-қағып алады немесе секіргішпен секіреді, ережені сақтай отырып ойнайды, қимыл белсенділігі мен ептілік дамиды. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, ауызды шаю, су процедураларын қолдану арқылы денсаулықты нығайту.	дамыту: заттардың арасымен доптар мен құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды 3,5–6,5 метр қашықтыққа лақтыру; оң және сол қолмен көлденең нысанаға (2–2,5 м), тігінен қойылған нысанаға (1,5 м) дәлдеп лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру және қағып алу (1,5 м);. **Қимылды ойындар** Белсенді ойын «Допты дәл жеткіз»: балалар екі топқа бөлініп, белгі бойынша допты бір-біріне домалатып немесе лақтырып, белгіленген орынға жеткізуге тырысады, ойын барысында ережені сақтап, дәлдік пен жылдамдықты дамытады. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Таза ауада серуендеу, күн сәулесін қабылдау, су процедураларын қолдану, жеңіл жаттығулар орындау	сұрақтарға жауап беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін сипаттау. Оқиғаның ретін сақтап, қысқаша әңгімелеп айту. **Ойын: «Не болды?»** Балалар ертегі оқиғасын еске түсіріп, оның ретін айтып береді. Әр бала оқиғаның бір бөлігін қосып, толық мазмұнды құрайды. Ойын арқылы есте сақтау, логикалық ойлау және байланыстырып сөйлеу қабілеттері дамиды.

				арқылы денсаулықты нығайту. **Жалпақ табанның алдын алу** Аяқ ұшымен және өкшемен жүру, табанмен доп немесе таяқшаны домалату, арнайы төсеніште немесе табиғи беткейде жалаң аяқ жүру арқылы табан бұлшық еттерін күшейту.	
	Апталық дәйек сөз «Досың көп болса, күшің көп.» **Адал азамат біртұтас тәрбие** **Тіл дамыту «Жақсылық деген не?»** Балаларды жақсылық, мейірімділік ұғымдарымен таныстыру. Жақсы және жаман әрекеттерді ажыратуға үйрету (көмектесу, бөлісу, қамқор болу). Сөздік қорын «жақсылық», «мейірімділік», «көмек», «қамқор», «жылы сөз» сөздерімен байыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін	**Тіл дамыту «Жақсы сөздер»** Балаларды сыпайы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету (рахмет, өтінемін, кешіріңіз, сәлеметсіз бе). Жақсы сөздің адамға қуаныш сыйлайтынын түсіндіру. Сөздік қорын «жылы сөз», «сыпайы», «әдепті», «құрмет» сөздерімен байыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, «р», «с» дыбыстарын анық айтуға жаттықтыру, сол дыбыстардан	**Тіл дамыту «Көмектесеміз»** Балаларды бір-біріне көмектесуге, қамқор болуға тәрбиелеу. Жақсылық жасаудың маңызын түсіндіру. Сөздік қорын «көмек», «қамқорлық», «қолдау», «жақсылық жасау» сөздерімен байыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, «к», «қ» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру, сол дыбыстардан басталатын сөздерді ажырату. Сөйлем құрау, әңгіме айту, өз ойын толық жеткізу	**Тіл дамыту «Жақсы іс жасаймыз»** Балаларды жақсы әрекеттер жасауға, мейірімді болуға тәрбиелеу. Жақсы іс-әрекеттерді сипаттау (көмектесу, бөлісу, қорғау). Сөздік қорын «жақсы іс», «ізгілік», «қамқорлық», «көмек» сөздерімен байыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіру, «ж», «қ» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем құрау, әңгіме айту, өз ойын толық жеткізу дағдыларын дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл»,	**Тіл дамыту «Жақсылық мерекесі»** Балаларды апта бойы өткен «жақсылық», «мейірімділік», «қамқорлық» ұғымдарын бекітуге бағыттау. Жақсы іс-әрекеттерді еске түсіріп, әңгіме құрауға үйрету. Сөздік қорын «жақсылық», «ізгілік», «көмектесу», «қамқор болу» сөздерімен толықтыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіру, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Сөйлем құрау, өз ойын толық жеткізу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», сахналау

	қалыптастыру, «ж» дыбысын анық айту, сол дыбыстан басталатын сөздерді ажырату. Сөйлем құрау, өз ойын толық жеткізу, әңгімелесу дағдыларын дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», TRIZ «Егер адамдар бір-біріне көмектеспесе не болар еді?», ойын «Жақсы-жаман») **Көркем әдебиет «Жақсылық туралы өлең»** Балаларға жақсылық туралы қысқа өлең тыңдату. Өлең мазмұнын түсініп айту, жатқа айтуға үйрету. Интонацияны сақтап, мәнерлеп айту, кідіріс пен логикалық екпінді дұрыс қолдану. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру, жанашырлық таныту. (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, рөлдік оқу, «Кім дұрыс айтады?») **Қазақ тілі «Жақсы бала қандай?»** Балаларды жақсы	басталатын сөздерді ажырату. Сөйлем құрау, өз ойын толық жеткізу, әңгімелесу дағдыларын дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», ойын «Қай сөз дұрыс?», «Сөзді жалғастыр», TRIZ «Егер адамдар бір-біріне жылы сөз айтпаса не болар еді?») **Көркем әдебиет «Жақсылық туралы өлеңді қайталау»** Балаларға өткен өлеңді еске түсіріп, мазмұнын қайталау. Өлеңді жатқа айту, мәнерлеп айтуға үйрету. Интонация, кідіріс, логикалық екпінді дұрыс қолдану. Кейіпкерлердің іс-әрекетін талқылау, жақсы мен жаманды ажырату. (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, рөлдік оқу, «Кім мәнерлі айтады?»)	дағдыларын дамыту. (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Миға шабуыл», ойын «Қалай көмектесеміз?», «Жағдаятты шеш», TRIZ «Егер сен досыңа көмектессең не болады?») **Көркем әдебиет «Жақсылық туралы шығарманы мазмұндау»** Балаларды тыңдалған шығарманың мазмұнын ретімен айтуға үйрету. Кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау, жақсы мен жаманды ажырату, жанашырлық таныту. (мазмұндау, сұрақ-жауап, ойын «Кім не істеді?», «Жақсы іс – жаман іс») **Қазақ тілі «Көмек туралы әңгіме»** Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс	ойын «Не істеу керек?», «Жақсы-жаман», TRIZ «Егер сен жақсы іс жасасаң не болады?») **Көркем әдебиет «Өленді мәнерлеп айту»** Балаларды өленді жатқа, мәнерлеп айтуға үйрету. Интонация, кідіріс, логикалық екпінді дұрыс қолдану. Кейіпкерлерге жанашырлық таныту. (мәнерлеп оқу, рөлдік оқу, «Кім мәнерлі айтады?») **Қазақ тілі «Жақсы іс туралы әңгіме»** Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын кеңейту. (диалог, сөздік ойын «Сұрақ қой – жауап бер», «Сөйлеп көр») **Математика негіздері «Кеңістікте бағдарлау»**	ойыны «Жақсылық көрінісі», «Әңгіме құрастыр», TRIZ «Егер сен күн сайын жақсылық жасасаң не өзгереді?») **Көркем әдебиет «Жақсылық туралы өленді қайталау және мәнерлеп айту»** Балаларды өленді жатқа айтуға, мәнерлеп оқуға үйрету. Интонацияны, кідірісті, логикалық екпінді дұрыс қолдану. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру, жақсы мен жаманды ажырату. (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, рөлдік оқу, «Кім мәнерлі айтады?») **Қазақ тілі «Жақсылық туралы диалог»** Балаларды еркін диалог құруға үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын кеңейту. (диалог, сөздік ойын «Сұрақ қой – жауап бер», «Сөйлеп көр»)

	баланың қасиеттерін сипаттауға үйрету (мейірімді, көмектеседі, сыпайы). Жай және жайылма сөйлемдермен өз ойын жеткізу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Диалог құру, сұраққа толық жауап беру дағдыларын дамыту. (диалог, сөздік ойын «Сипатта да тап», «Сұрақ қой – жауап бер») **Математика негіздері «Жақсылықтарды санаймыз»** Балаларды 1–5 дейін санауға жаттықтыру. Заттарды санап, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беру. Заттарды жұппен қою арқылы тең және тең емес топтарды анықтау. Реттік санауға кіріспе жасау. (дидактикалық ойын «Санап көр», «Жұбын тап», «Қай топ көп?», топтастыру, салыстыру) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Жақсы мінез-құлық»**	**Қазақ тілі «Сыпайы сөйлейміз»** Балаларды сыпайы сөйлеуге үйрету. Жай және жайылма сөйлемдер құрау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Диалог құру дағдыларын дамыту (рахмет айту, кешірім сұрау, өтініш білдіру). (диалог, сөздік ойын «Сұрақ қой – жауап бер», «Сыпайы сөзді тап») **Математика негіздері «Реттік санау»** Балаларды 1–5 дейін реттік санауға үйрету (бірінші, екінші, үшінші). Заттарды ретімен орналастыру, «нешінші?» және «барлығы қанша?» сұрақтарына жауап беру. Заттарды салыстыру арқылы тең және тең емес топтарды анықтау. (дидактикалық ойын	айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, і, қ, ғ). Сөздік қорын «көмектесемін», «қолдаймын», «қамқор боламын» сөздерімен толықтыру. (диалог, сөздік ойын «Сұрақ қой – жауап бер», «Сөйлеп көр») **Математика негіздері «Салыстырамыз»** Балаларды заттарды ұзындығы, ені, биіктігі бойынша салыстыруға үйрету (ұзын-қысқа, үлкен-кіші, биік-аласа). Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) ажырату. Салыстыру нәтижелерін сөзбен айтуға үйрету. (дидактикалық ойын «Қайсысы үлкен?», «Салыстыр», «Пішінді тап», практикалық жұмыс) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Қамқорлық»** Балаларды үлкендерге, достарына және табиғатқа қамқор болуға үйрету.	Балаларды кеңістік бағыттарын анықтауға үйрету (оң, сол, алда, артта, жоғары-төмен). Заттардың орналасуын сөзбен сипаттау. (дидактикалық ойын «Қай жерде тұр?», «Орнын тап», практикалық жұмыс) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Қауіпсіздік ережелері»** Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету (электр құралдары, сіріңке, жолда жүру). Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (әңгімелесу, бақылау, ойын «Қауіпсіз бе?», «Дұрыс-бұрыс»)	**Математика негіздері «Қайталау және бекіту»** Балаларды 1–5 дейін санау, реттік санау, салыстыру және кеңістікте бағдарлау дағдыларын бекіту. «Барлығы қанша?», «Нешінші?», «Қай жерде?» сұрақтарына жауап беру. (дидактикалық ойын «Санап көр», «Салыстыр», «Қай жерде тұр?», «Жұбын тап») **Қоршаған әлеммен таныстыру «Мінез-құлық мәдениеті»** Балалардың сыпайы қарым-қатынас дағдыларын бекіту (амандасу, алғыс айту, кешірім сұрау). Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін қайталау. (әңгімелесу, бақылау, ойын «Дұрыс-бұрыс», «Қалай істеу керек?») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балалардың мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Әр адамның еңбегі маңызды екенін түсіндіру. Өз құқықтары мен

	Балаларды жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Сыпайы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру (амандасу, алғыс айту, кешірім сұрау). Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін сақтау. (әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық ойын «Дұрыс-бұрыс», «Қалай істеу керек?») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды адамдарға көмектесетін мамандықтармен таныстыру (дәрігер, мұғалім, тәрбиеші). Әр адамның көмектесуге құқығы бар екенін түсіндіру. Бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. (әңгімелесу, ойын «Кім көмектеседі?»)	«Нешінші тұр?», «Санап көр», «Жұбын тап», топтастыру, салыстыру) **Қоршаған әлеммен таныстыру «Қоғамдық орындардағы тәртіп»** Балаларды қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Көлікте, дүкенде, балабақшада өзін дұрыс ұстауға үйрету. Сыпайы қарым-қатынас дағдыларын бекіту. (әңгімелесу, бақылау, жағдаяттық ойын «Қалай дұрыс?», «Дұрыс-бұрыс») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру (сатушы, жүргізуші, дәрігер). Әр мамандықтың адамдарға пайдасын түсіндіру. Әр	Өсімдіктер мен жануарларға күтім жасау туралы түсінік беру. Қарапайым экологиялық ережелерді сақтау. (әңгімелесу, бақылау, тәжірибе, ойын «Қалай көмектесеміз?», «Табиғатты қорға») **Ерте кәсіптік бағдар, құқықтық тәрбие** Балаларды еңбек түрлерімен таныстыру. Еңбек арқылы адамдарға көмек көрсетуге болатынын түсіндіру. Әр адамның қамқорлық жасауға және көмек алуға құқығы бар екенін ұғындыру. (әңгімелесу, ойын «Еңбек не үшін керек?», «Кім көмектеседі?») **Қаржылық сауаттылық элементі «Еңбек – табыс көзі»** Балаларға еңбек арқылы табыс табылатынын түсіндіру. Заттардың еңбек нәтижесінде		міндеттері туралы түсініктерін нығайту. (әңгімелесу, ойын «Кім болғым келеді?», «Мамандықты тап»)

		адамның құрметке лайық екенін ұғындыру. (әңгімелесу, ойын «Мамандықты тап», «Кім не істейді?») **Қаржылық сауаттылық элементі «Дүкен»** Балаларды сатып алу-сату әрекеттерімен таныстыру. Ақша арқылы зат алу дағдыларын қалыптастыру. Заттың еңбек нәтижесі екенін түсіндіру. (рөлдік ойын «Дүкен», «Сатушы–сатып алушы», тәжірибелік әрекет)	пайда болатынын көрсету. (әңгімелесу, ойын «Не үшін еңбек етеміз?», тәжірибелік әрекет)		
Екінші таңғы ас	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Бата:** Асымызға береке, Балаларға мереке. Аман болсын ата-ана, Риза болсын бар бала!Әумин **Адал азамат біртұтас тәрбие**				
